

FS 131, 131 R

STIHL



2 - 47

Қолдану нұсқаулығы

47 - 90

Инструкция по эксплуатации



Мазмұны

1	Қолдану нұсқаулығына.....	2
2	Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы.....	3
3	Көскіш аспаптың, қорғаныштың, тұтқыштың және аспалы қайыстың рұқсат етілген құрамдастырымдары.....	14
4	Рұқсат етілген аспалы аспаптар.....	15
5	Екі тұтқалы тұтқышты монтаждау.....	15
6	Айналмалы тұтқышты монтаждау.....	18
7	Кедергіштің жапқышын басқару арқанын реттеу.....	19
8	Тірек ілмегін монтаждау.....	20
9	Қорғанысты монтаждау.....	20
10	Көскіш аспапты монтаждау.....	22
11	Жанармай.....	25
12	Жанармайды толтырып құю.....	26
13	Аспалы қайысты орнату.....	27
14	Құрылғыны теңдестіру.....	28
15	Моторды іске қосу / тоқтату.....	29
16	Құрылғыны тасымалдау.....	32
17	Қолдану жөніндегі нұсқаулар.....	34
18	Ауа сүзгісін ауыстыру.....	34
19	Карбюраторды ретке келтіру.....	35
20	От алдыру білтесі.....	35
21	Мотордың жұмысы.....	36
22	Берілісті майлау.....	36
23	Құрылғыны сақтау.....	36
24	Металдан жасалған көскіш аспаптарды қайрау.....	37
25	Шапқыш бастиекке техникалық қызмет көрсету.....	38
26	Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар.....	39
27	Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу.....	41
28	Маңызды толымдаушылары.....	42
29	Техникалық сипаттамалар.....	43
30	Жөндеу бойынша нұсқаулар.....	44
31	Көдеге жарату.....	45
32	ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты.....	45
33	Мекенжайлар.....	46

1 Қолдану нұсқаулығына

1.1 Графикалық бейнелеулер

Агрегатқа жабыстырылған графикалық бейнелеудің анықтамасы, осы пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

Агрегаттың түріне және жарақтандыруына байланысты, құрылғыға келесі графикалық бейнелеулер, яғни нышандар жабыстырылады.



Жанармай бағы; бензин мен мотор майының жанармай қоспасы



Декомпрессия қақпақшасын әрекетке келтіру



Қолмен атқарылатын жанармай сорғысы



Қолмен атқарылатын жанармай сорғысын іске қосу



Майы бар түтікше



Сіңіретін ауаға арналған бағыттауыш: Жаз мезгілінде жұмыс істеуі



Сіңіретін ауаға арналған бағыттауыш: Қыс мезгілінде жұмыс істеуі



Тұтқышты жылыту

1.2 Мәтін бөлімдерінің белгіленуі



Сақтандыру

Жазатайым оқиғаның және жарақат алудың, сонымен қатар күрделі материалдық нұқсанның қаупі жайында адамдарға ескерту.

Нұсқау

Құрылғының немесе жекелеген толымдаушылардың бүліну мүмкіндігі жайында ескерту.

1.3 Техникалық өзірленім

STIHL компаниясы барлық машиналарды және құрылғыларды одан әрі өзірлеумен ұдайы айналысуда; сондықтан пішін, техника және жабдықтар бойынша жеткізілімнің толымдаушыларына барлық өзгерістерді енгізу құқығын өзімізге қалдыруға тиіспіз.

Сол себепті осы қолдану жөніндегі нұсқаулықтың нұсқауларына және суреттеріне қатысты ешқандай кінәраттар тағыла алмайды.

2 Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы



Мотоқұрылғымен жұмыс істеген кезде айрықша қауіпсіздік шараларын қолдану қажет, себебі кескіш аспаптардың айналу жылдамдығы өте жоғары болады.



Алғаш рет қолданысқа енгізген кезде, қолдану нұсқаулығымен мұқият танысып алыңыз және алдағыда пайдалану үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз. Қолдану нұсқаулығын сақтамау өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Қауіпсіздік нұсқауларына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбекті қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

Қозғалтқыштың агрегатымен бірінші рет жұмыс істейтін әрбір адам: Агрегатты қалай қолдану керектігі туралы сатушыдан немесе басқа маманнан нұсқау алуы керек немесе арнайы оқу курсынан өтуі қажет.

Қараумен оқытылып жатқан 16 жасқа толған жас адамдарды қоспағанда, кәмелеттік жасқа толмағандарға мотоқұрылғымен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Балалар, жануарлар және бөгде адамдар алшақта болуы тиіс.

Егер де қозғалтқыштың агрегаты қолданылмаса, оны ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп аулақ қойған жөн. Қозғалтқыштың агрегатын рұқсатсыз қолданудан қорғаныңыз.

Пайдаланушы жазатайым оқиғалар үшін немесе басқа адамдарға немесе олардың мүлкіне төнетін қауіп үшін жауапты болады.

Қозғалтқыштың агрегатын, оның осы үлгісімен мұқият танысып алған және қолдануға жақсылап үйретілген адамдарға ғана беруге немесе жалға беруге рұқсат етіледі – әрқашан Қолдану нұсқаулығын көрсетіңіз.

Қатты шуыл шығаратын қозғалтқыштың агрегатының қолданылуы, уақыт өте келе ұлттық және жергілікті нұсқаулармен шектеле алады.

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істейтін адамдар демалған, дені сау болуы керек және дене күшінің жағдайы жақсы болуы қажет.

Денсаулық жағдайы бойынша жүктеме ұсынылмайтын адамдар, қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істей алатындығы туралы дәрігерден кеңес алуы тиіс.

Имплантацияланған кардиостимуляторы бар адамдарға ғана: Аталған қозғалтқыштың агрегатының от алдыру жүйесінен өте аз ауқымдағы электр магнит өрісі туындайды. Кардиостимуляторлардың жекелеген түрлеріне электр магниттік өрістің тигізетін әсерін толықтай алып тастауға болмайды. Денсаулыққа төнетін қауіптен сақтану мақсатында STIHL компаниясы емдеуші дәрігерге және кардиостимулятордың дайындаушысына жүгінуге ұсыныс береді.

Алкогольді, жауап қайтару қабілетін төмендететін дәрілерді немесе есірткіні тұтынғаннан кейін қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істеуге болмайды.

Мотоқұрылғы – қолданылатын кескіш аспаптарға байланысты – тек шөп ору үшін, сондай-ақ жабайы өсетін өскіндерді, бұталарды, қалың бұталықтарды, тіл-шілікті кесу үшін немесе осыған ұқсас жолмен қолдану үшін ғана пайдаланылуы тиіс.

Қозғалтқыштың агрегатын басқа мақсаттар үшін қолдануға болмайды, себебі **Жазатайым оқиға қауіп төнуі мүмкін!**

Осындай кескіш аспаптарды немесе STIHL компаниясы тарапынан осы қозғалтқыштың агрегатына рұқсат берілген немесе өзінің технологиялық сипаттамасы жағынан ұқсас болып келетін керек-жарақтарды ғана қолданыңыз. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз. Жоғары сапалы құрал-саймандарды немесе керек-жарақтарды ғана қолданыңыз. Керісінше жағдайда, жазатайым оқиғаның туындау қауіпі немесе қозғалтқыш агрегатының бүліну қауіпі бар.

STIHL компаниясы STIHL компаниясының түпнұсқалы құрал-саймандарын және керек-жарақтарын қолдануға кеңес береді. Олар өздерінің сипаты жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Агрегаттың құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіптілік төнуі мүмкін. STIHL компаниясы қолданысқа рұқсат етілмеген аспалы жабдықтарды қолданудың салдарынан

адамға және мүлікке келтірілген нұқсан үшін жауапты болмайды.

Құрылғыны тазарту үшін ешқандай жоғары қысымды жуғыш қолданбаңыз. Судың қатты ағыны агрегаттың бөлшектерін бүлдіре алады.

Мотоқұрылғының қорғанышы, пайдаланушыны кескіш аспаптан лақтырылатын барлық заттардан (тастар, шыны, сым және т.б.) қорғай алмайды. Бұл заттар, қандай да бір жерде рикошет жасап ыршып түсіп, пайдаланушыға тиюі мүмкін.

2.1 Киімдер мен жарақтар

Белгіленген киім мен жабдықтауды қолданыңыз.



Киім мақсатқа сай қолданылуы тиіс және жұмысқа кедергі келтірмеуі қажет. Денеге тығыз тиіп тұратын киім ұсынылады – комбинезон, бірақ жұмыс халаты емес



Ағашқа, қалың бұталыққа немесе құрылғының қозғалмалы бөлшектеріне іліне алатын киімді кимеңіз. Сонымен қатар мойынорағыш, галстук және қандай да бір әшекей тақпаңыз. Ұзын шашты иықтан жоғары болатындай етіп ораңыз және бекітіңіз.



Тайғанамайтын кедір-бұдырланған табаны бар қорғаныш етігін және болат қапқақты қолданыңыз.

Тек қана шабатын домалақтармен жұмыс істеген кезде, тайғанамайтын қырлы табаны бар мықты аяқ киімді балама ретінде қолдануға рұқсат етіледі.



Сақтандыру



Көзге жарақат келтіру қауіптілігін төмендету үшін EN 166 стандартына сәйкес қорғаныс көзілдірігін пайдаланыңыз. Қорғаныс көзілдірігінің дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз.

Бет қорғанысын пайдаланыңыз және оның дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз. Қорғаныс бетпердесі, көзді жеткілікті дәрежеде қорғай алатын қорғаныс бұйымы емес.

Шуылдан қорғайтын «жеке» құралдарды, мысалы естуді қорғауға арналған капсуланы қолданыңыз.



Биік қалың бұталықты сиректеген кезде және құлайтын заттардан жарақат алу қаупі төнген жағдайда қорғаныш дулығысын қолданыңыз.



Тозуға төзімді материалдан (мысалы, теріден) жасалған берік жұмыс қолғаптарын киіңіз.

STIHL компаниясы жеке қорғаныш құралдарының кең бағдарламасын ұсынады.

2.2 Қозғалтқыштың агрегатын тасымалдау



Моторды әрқашан тоқтатып тұрған жөн.

Мотоқұрылғыны аспалы қайысқа ілінуі күйде немесе білікке теңдестірілген күйде тасыңыз.

Металдан жасалған кескіш аспапты, тіпті қысқа қашықтыққа тасымалдаған уақытта та жанасуға қарсы тасымалдау кезіндегі қорғаныспен қамсыздандырыңыз – «Құрылғыны тасымалдау» бөлімін қараңыз.



Агрегат пен редуктордың қызып тұрған бөлшектерін ұстамаңыз – **күйік шалу қаупі бар!**

Автокөліктің ішінде: Қозғалтқыштың агрегатын төңкерілуден, бүлінуден және жанармайдың ағып кетуінен қорғаңыз.

2.3 Жанармай толтыру



Бензин оңай тұтанатындықтан – жанып тұрған отқа жақын қашықтықта жұмыс істемеңіз, жанармайды ағызбаңыз, темекі шекпеңіз.

Жанармайды құймас бұрын моторды сөндіріп қойыңыз.

Мотор толығымен суымайынша, оған жанармайды құймаңыз, себебі жанармай ағып кете алады, соның салдарынан **өрттің туындау қаупі бар!**

Артық қысым баяу төмендеуі үшін және жанармай шашырамауы үшін бактың тиектеу құрылғысын абайлап ашыңыз.

Жанармайды жақсылап желдетілетін жерлерде ғана құйыңыз. Егер жанармай төгіліп кетсе, қозғалтқыштың агрегатын дереу тазарту керек – жанармайды киімге тамызбаңыз, керісінше жағдайда киіміңізді дереу ауыстырыңыз.



Агрегаттар, әртүрлі типтегі бактың тиектеу құрылғысымен бірге сериялы түрде жеткізіле алады.

Осының арқасында, бұл қозғалтқыштың дірілдерінен бактың тиектеу құрылғысының бұралып қалуын, соның нәтижесінде жанармайдың ағып кету қаупін азайтады.

Герметикалы емес болса, оған назар аударыңыз – жанармай ағып кеткен жағдайда, моторды іске қоспаңыз – **күйік шалып, өмірге қауіп төнуі мүмкін!**

2.4 Қосудың алдында

Қозғалтқыштың агрегатының мінсіз жұмыс атқаруын тексеріңіз және қолдану нұсқаулығындағы тиісті бөлімге назар аударыңыз:

- Жанармай жүйесінің герметикалылығын, әсіресе көрінетін бөлшектерін, мысалы бактың тиектеу құрылғысын, шланг байланыстарын, қолмен атқарылатын жанармай сорғысын (тек қана қолмен атқарылатын жанармай сорғысы бар қозғалтқыштың агрегатында) тексеру керек. Герметикалы емес болса немесе қандай да бір жерлері бүлінсе қозғалтқышты іске қоспаңыз – **өрт туындау қаупі бар!** Агрегатты пайдалануға беру алдында, оны күйге келтіру үшін мамандандырылған дилерге бергеніңіз жөн

- Кескіш құрал-сайманның, қорғаныс айлабұйымының, саптың және аспалы белдіктің құрамдастырымы қолданысқа рұқсат етілуі керек және барлық бөлшектер мінсіз түрде монтаждалуға тиіс
- Ажырату түймесі оңай басылуы қажет
- Ауа қақпағының тұтқышы, газ иінтірегінің тежеуіші және газ иінтірегі қозғалмалы болуы тиіс – газ иінтірегі бос жүріс күйіне артқа қарай өзінен-өзі лақтырылуы керек. Ауа қақпағының тұтқышының **I** және **II** күйлерінен ол газ иінтірегінің тежеуіші мен газ иінтірегі бір уақытта басылғанда **I** жұмыс күйіне оралуы керек
- От алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштықтың берік орналасуын тексеріңіз – штекер берік орналаспаған болса ұшқын шығып, соның салдарынан жанармай-ауа қоспасы тұтанып кете алады – **Өрт туындау қаупі бар!**
- Кескіш аспаптың немесе аспалы құралдың дұрыс монтаждалғанын, тығыз отырғанын және мінсіз күйін тексеріңіз
- Қорғаныш құрылғыларының (мысалы, кескіш аспапқа, қозғалмалы дискке арналған қорғаныш) бүлінген және тозған жерлерін тексеріңіз. Зақымдалған бөлшектерді ауыстырыңыз. Қорғанышы бүлінген және қозғалмалы дискі тозған (жазбасы және сілтеуіштері бұдан әрі көрінбесе) құрылғыны қолданбаңыз
- Басқару элементтеріне немесе қорғаныш тетіктеріне кез-келген өзгеріс енгізуге тыйым салынады
- Тұтқа майдан және кірден тазартылған, таза әрі құрғақ болуы қажет, онысы қозғалтқыштың агрегатын сенімді түрде басқару үшін маңызды шарт болып табылады
- Тұтқышты (тұтқыштарды) және аспалы қайысты бойына қарай реттеңіз. «Аспалы қайысты қалай тағу керек» – «Құрылғыны теңдестіру» бөлімдерін басшылыққа алыңыз

Қозғалтқыштың агрегаты тек қана сенімді қолданыс күйінде қолданылуы қажет – **жазатайым оқиға туындау қаупі бар!**

Апаттық жағдай үшін, аспалы белдікті қолданған кезде: Агрегатты жерге тез түсіруге үйрену. Жаттыққан кезде бүлінуді болдырмау үшін агрегатты жерге лақтырмаңыз.

2.5 Қозғалтқышты іске қосу

Жанармай құю орнынан ең кемі 3 метр қашықтықта жасаңыз – жабық орынжайда емес.

Тегіс қабатта ғана сенімді және тұрақты күйге орналасып, мотоқұрылғыны нықтап ұстаңыз – кескіш аспап қандай да бір заттарға немесе жерге тимеуі керек, себебі кескіш аспап іске қосылған кезде айналуы мүмкін.

Мотоқұрылғыға тек бір ғана адам қызмет көрсетеді – 15 метрге дейінгі радиус аймағында, сондай-ақ іске қосылған кезде бөгде адамдардың болуына тыйым салынады, себебі лақтырылатын заттардың әсерінен – **жарақат алу қаупі бар!**



Кескіш құрал-сайманға жанаспаңыз – **жарақат алу қаупі бар!**



Қозғалтқышты қолдан жібермеңіз – қолдану нұсқаулығында сипатталғандай іске қосыңыз. Кескіш аспап, газ иінірегінен жібергеннен кейін тағы біраз уақыт бойы қозғала берсе – **бұл инерция бойынша қозғалыс болып табылады!**

Қозғалтқыштың жұмысының мінсіздігін бос жүрісте тексеріңіз: Бос жүрістегі кескіш аспап, газ иінірегі босатылғаннан кейін тоқтауға тиіс.


Жеңіл тұтанатын материалдар (мәселен, жоңқалар, қабықтар, қураған шөп, жанармай) ыстық күйдегі пайдаланылып болған газдар ағынынан және ыстық күйдегі шуыл бөсеңдеткіш қабатынан алшақ жерде ұстаңыз – **өрт туындау қаупі бар!**

2.6 Құрылғыны қалай ұстау және қалай жүргізу қажет

Мотоқұрылғыны әрқашан екі қолыңызбен иінііректен нықтап ұстаңыз.

Әрқашан сенімді және орнықты күйге қойыңыз.


2.6.1 Екі тұтқалы тұтқышы бар құрылымдық атқарымдарда



002BA055 KN

Оң қолыңыз басқару тұтқышында, ал сол қолыңыз түтікшелі тұтқыштың тұтқасында болады.

2.6.2 Айналмалы тұтқышы бар құрылымдық атқарымдарда



002BA080 KN

Айналмалы тұтқыш пен қамытты айналмалы тұтқыш (қадам шектегіш) орнатылған құрылымдық атқарымда, сол қолыңыз айналмалы тұтқышта, ал оң қолыңыз басқару тұтқышында болады – солақайларға да дәл солай.

2.7 Жұмыс барысында

Әрқашан сенімді және орнықты күйге қойыңыз.

Қауіптілік төнетін болса немесе апатты жағдай орын алса, қозғалтқышты бірден сөндіріңіз – ажырату түймесін басыңыз.



Жұмыс орнынан алшақ жерге лақтырылатын бөлшектер салдарынан жазатайым оқиға туындау қаупі бар, сол себептен, 15 м-лік радиуста бөгде адамдар болмауы тиіс. Осы қашықтық, сондай-ақ заттарға (көлік құралдары, терезе әйнектері) да қатысты сақталуға тиіс – **материалдық нұқсан келтіру**

қауіп төнуі мүмкін! Тіпті 15 м-ден артық қашықтықта да қауіп төнуі мүмкін.

Газ иінірегін босатқаннан кейін кескіш аспап қозғалмас үшін, бос жүрісте қозғалыстың мінсіз жұмысына назар аударыңыз.

Бос жүріс тәртіптемесінің баптауларын үнемі ретке келтіріп тұрыңыз және мүмкіндігінше түзетіңіз. Егер де кескіш аспап әлі де бос жүрісте қозғалып жатса, оны мамандандырылған дилерге жөндеуге апару керек. STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады.

Тайғанақ, ылғал болғанда, қар басқанда, тау еңісінде, кедір-бұдыр және тағы басқа төңіректерде абайлаңыз – **тайғанақ қауіп бар!**

Кедергілерге назар аударыңыз: томарлар, тамырлар – **сүрініп көту қауіп бар!**

Тек қана жерде тұрып жұмыс істеңіз, ал орнықсыз күйде, сүйеп қойылатын баспалдақта немесе көтерілмелі жұмыс тұғырнамасында ешқашан жұмыс істемеңіз.

Есту мүшелерін қорғайтын құралды пайдаланған кезде, аса мұқият және сақ болуыңыз керек, себебі қауіптілік дыбыстарын сезу қабілеті (айғайлар, дабыл белгілері және т.б.) шектеледі.

Шаршап, шалдығуды болдырмас үшін, жұмыс барысында уақытымен үзіліс жасап тұрғаныңыз жөн – **Жазатайым оқиға қауіп төнуі мүмкін!**

Байсалды түрде және ойлап жұмыс істеңіз, бірақ жарық жақсылап түсіп тұруы керек және көрініс айқын болуы қажет. Басқа адамдарға қауіп төндірмей, абайлап жұмыс істеңіз.



Мотор іске қосылғаннан кейін, мотоқұрылғыдан пайдаланылып болған улы газдар бірден шыға бастайды. Бұл газдардың иісі болмауы және көрінбеуі мүмкін, сонымен қатар құрамында көмірсутегілер мен бензол бола алады. Қозғалтқыштың агрегатын, соның ішінде катализаторлы құрылғыларды ешбір жағдайда жабық немесе нашар желдетілетін орынжайларда қолданбаңыз.

Жыраларда, ойпаттарда немесе тар шарттарда жұмыс істеген кезде, жеркілікті ауа алмасуын қамтамасыз ету қажет – **улану салдарынан өмірге қауіп төнуі мүмкін!**

Лоқсығанда, бас ауырғанда, көру қабілеті нашарлағанда (мысалы, көру ауқымының

азаяуы), есту қабілетін нашарлағанда, бас айналғанда, назар аудару қабілеті төмендегенде жұмысты дереу тоқтатыңыз – басқа себептердің арасында, аталған симптомдар пайдаланылып болған газдардың жоғары дәрежелі шоғырланымынан пайда бола алады – **жазатайым оқиғаның туындау қауіп төне алады!**

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істегенде, мүмкіндігінше шулысыз және пайдаланылып болған газдарды аз шығарып жұмыс істеңіз – қозғалтқышты қажет болмағанда қосулы күйде қалдырмаңыз, газды тек жұмыс кезінде беріңіз.

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істегенде және жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың агрегатының жанында **төмекі шөкпеңіз – Өрт туындау қауіп бар!** Жанармай жүйесінен жанғыш бензин булары ұшып шыға алады.

Жұмыс барысында түзілетін шаң, бу және түтін денсаулыққа ауыр зиян тигізуі мүмкін. Шаң немесе түтін қатты түзілетін болса, респиратор таққаныңыз жөн.

Егер де қозғалтқыштың агрегаты арналымынан тыс жүктемеге ұшыраған болса (мысалы, соққы немесе құлау нәтижесіндегі күштің әсерінен), алдағыда жұмыс істер алдында агрегаттың қолданыс күйін тексеріп алыңыз – «Қосудың алдында» бөлімін қараңыз.

Ең алдымен жанармай жүйесінің герметикалылығын және қорғаныш құрылғыларының жұмысын тексеріңіз. Мінсіз қолданыс күйінде болмаған қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істеуге тыйым салынады. Қандай да бір күмән туындаса, мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

Газды іске қосу күйінде жұмыс істемеңіз – газ иінітірегін мұндай күйінде мотордың айналым жиілігі реттеле алмайды.



Агрегатқа және кескіш аспапқа арналған тиісті қорғаныш құрылғылары болмай, ешбір жағдайда жұмыс істемеңіз – лақтырылатын заттардан **жарақат алу қауіп төнуі мүмкін!**



Төңіректі тексеріңіз: қатты заттар – тастар, металл бөлшектері және тағы басқа заттар жұмыс кезінде тіпті 15 м-лік қашықтыққа да лақтырылуы мүмкін, сол себептен **жарақат алу қауіп бар!** – және кескіш құрал-сайманды, сондай-ақ заттарды (мысалы, тұраққа қойылған автокөліктер, терезелер)

зақымдауы мүмкін (материалдық нұқсан).

Қиын көрінетін, қалың өскен төңіректе жұмыс кезінде аса сақ болуыңыз керек.

Қалың бұталықты, бұталардың астын және бұталы қоршауды шапқан кезде: кескіш құрал-сайманның жұмыс биіктігі кемінде 15 см болуы тиіс – жануарларға қауіп төндірмеңіз.

Агрегаттан аулақ кетердің алдында – моторды сөндіріп кетіңіз.

Кескіш аспапты, қысқа уақыт аралықтарынан кейін үнемі тексеріңіз және көзге білінетін өзгерістер орын алған кезде дереу тексеріп тұрыңыз:

- Моторды тоқтатыңыз, құрылғыны нықтап ұстаңыз, кескіш аспапты тоқтатыңыз
- Отырған күйін және беріктігін тексеріңіз, жарықтарға назар аударыңыз
- Пышақтардың егелген дәрежесін ескеріңіз
- Бүлінген немесе мұқалған кескіш аспаптарды дереу ауыстырыңыз, сондай-ақ шаштың қалыңдығындай аздаған жарықтар пайда болған кезде де ауыстырыңыз

Кескіш құрал-сайманның бекіткішін үнемі шөппен ұсақ қопалардан тазартып отырыңыз – кескіш аспап немесе қорғаныс тұсындағы қоқыстарды кетіріңіз.

Кескіш аспаптарды ауыстырудың алдында, моторды тоқтатыңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**



Жұмыс уақытында редуктор қызады. Редукторды ұстамаңыз – **күйік шалу қаупі бар!**

Егер айналмалы кескіш аспап тасқа немесе өзге де қатты затқа тиіп кетсе, ұшқын пайда болады да, соның салдарынан белгілі бір жағдайларда жеңіл тұтанатын материалдар жанып кетуі мүмкін. Қураған өсімдіктер мен қалың бұталықтар, әсіресе ыстық, құрғақ күні жеңіл тұтанады. Өрттің туындау қаупі төнсе, жеңіл тұтанатын материалдардың, қураған өсімдіктердің немесе қалың бұталықтың жанында кескіш аспаптарды қолданбаңыз. Орман шаруашылығының құзыретті органдарынан өрттің туындау қаупінің бар-жоғын міндетті түрде сұрап анықтаңыз.

2.8 Шабатын домалақтарды қолдану

Кескіш аспаптың қорғаныш айлабұйымдарын, қолдану нұсқаулығында келтірілген тиісті монтаждық құрауыштармен толықтырыңыз.

Шабылған талшықтар рұқсат етілген ұзындықпен шектелуі үшін, тиісінше орнатылған пышағы бар қорғанышты ғана қолданыңыз.

Шабылған талшықтарды реттеу үшін, шабатын домалақтарды қолмен реттеген кезде міндетті түрде моторды тоқтатыңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Тым ұзын шабылған талшықтары бар құрылғыны дұрыс емес қолданған жағдайда, қозғалтқыштың айналу жиілігі төмендейді. Соның салдарынан, ұзақ уақыт бойы ажыратқышының тайып кетуінен және маңызды атқарымдық бөлшектердің (мәселен, жалғастырғыш, корпустың полимерлі бөлшектері) бүлінуінен қызып кетуі мүмкін – мәселен, кескіш аспап бос жүрісте айналған кезде – **жарақат алу қаупі бар!**

2.9 Металдан жасалған кескіш аспаптарды қолдану

STIHL компаниясы, STIHL компаниясының металдан жасалған кескіш аспаптарының түпнұсқалы даналарын қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің сипаты жағынан құрылғымен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Металдан жасалған кескіш аспаптар өте жылдам айналады. Бұл арада, құрылғы мен кескіш аспаққа да, кесілетін материалға да әсер ететін күш салынады.

Металдан жасалған кескіш аспаптар, қайрау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес үнемі қайралып тұруға тиіс.

Өркелкі қайралған металдан жасалған кескіш аспаптар, агрегатты экстремалды жүктемелерге ұшырата алатын теңгерімсіздіктің себепшісі бола алады – **бұзылу қаупі төнуі мүмкін!**

Мұқалған немесе дұрыс қайралмаған жүздер, металдан жасалған кескіш аспаптарға артық жүктеме түсіре алады – жарылған немесе сынып қалған бөлшектерден **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Металдан жасалған кескіш аспап әрбір рет қатты заттарға (мысалы, тастарға, жартас

сынықтарына, металл бөлшектеріне) жанасқаннан кейін, оны тексеру керек (мысалы, жарықтардың болуын және қалпының өзгеруін). Қылауларды және басқа да көзге білінетін жиналған материалды кетіріңіз, себебі, олар жұмыс барысында кез-келген сәтте босатылып кетіп, шет жаққа қарай лақтырылуы мүмкін – **жарақат алу қаупі бар!**

Зақымдалған немесе жарылған кескіш құрал-саймандарды қолданбаңыз және жөндемеңіз – мәселен, дәнекерлеу немесе түзету арқылы – пішіні өзгереді (теңгерімсіздік).

Бөлінген бөлшектер немесе сынықтар үлкен жылдамдықпен жұмысшыға немесе бөгде адамдарға тиіп кетуі мүмкін – **ауыр жарақат алу қаупі бар!**

Металдан жасалған кескіш аспаптарды қолданған кезде туындайтын жоғарыда аталған қауіптерді азайту үшін, қолданылатын металдан жасалған кескіш аспаптың диаметрі ешбір жағдайда өте үлкен болмауы қажет. Ол өте ауыр болмауға тиіс. Құрал жеткілікті дәрежеде сапалы материалдан дайындалуы тиіс және тиісті геометриясы (пішіні, қалыңдығы) болуы қажет.

STIHL компаниясынан басқа өндірушілер тарапынан дайындалған металдан жасалған кескіш аспап ауыр, жуан және басқа пішінді болмауы керек, сондай-ақ диаметрі бойынша STIHL компаниясы тарапынан осы мотоқұрылғы үшін рұқсат етілген металдан жасалған кескіш аспаптың ең үлкен диаметрінен аспауы қажет – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

2.10 Дірілдер

Мотоқұрылғыны тым ұзақ қолданатын болсаңыз, дірілдің себебінен қолдағы қан айналым жүйесі бұзыла алады ("ақ саусақтар" синдромы).

Құрылғының көпшілік мақұлдаған қолданыс ұзақтығы анықтала алмайды, себебі оның көптеген факторлары бар.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі шаралардың арқасында ұлғаяды:

- қол қорғанышы (жылы қолғаптар);
- жұмыс барысындағы үзіліс.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі себептерге орай қысқарады:

- жұмысшының қан айналым жүйесі нашар болса (оның белгілері мынадай болады: саусақтар тона береді, қышып дуылдайды);
- сыртқы температуралар төмен болса;
- мотоқұрылғыны ұстау үшін көп күш-жігер жұмсалса (оны қатты ұстаған кезде, қан айналымына кедергі келтіріледі).

Мотоқұрылғыны ұдайы, ұзақ қолданған кезде және тиісті симптомдар қайтадан пайда болған кезде (мысалы, саусақтардың дуылдауы) үнемі медициналық байқаудан өтіп тұрғаныңыз жөн.

2.11 Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Қозғалтқыштың агрегатына үнемі техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Осы қолдану нұсқаулығында сипатталған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын және жөндеу жұмыстарын ғана орындау керек. Жұмыстардың барлық бас түрлерін мамандандырылған дилерге тапсыру қажет.

STIHL компаниясы, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын STIHL мамандандырылған дилеріне ғана тапсыруды ұсынады. STIHL мамандандырылған дилерлері біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төнеді. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

STIHL фирмасы STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің сипаты жағынан құрылғымен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Жөндеу, техникалық қызмет көрсету және тазарту жұмыстарын жасаған кезде **қозғалтқышты міндетті түрде сөндіріңіз және от алдыру білтесінің жалғағышын ажыратыңыз – қозғалтқыштың кенеттен іске қосылуынан жарақат алу қаупі бар!** – Айрықша жағдайлар: карбюраторды және бос жүрістің тәртіптемесін ретке келтіру.

От алдыру білтесінің жалғағышы тартылып қойылса немесе от алдыру білтесі бұрап алынса қозғалтқышты іске қосатын

қондырғының көмегімен іске қосуға рұқсат етілмейді – цилиндрдің сыртындағы ұшқындар салдарынан **өрт туындау қаупі!**

Агрегатқа техникалық қызмет көрсетуге және жанып тұрған оттың дәл жанында сақтауға тыйым салынады, себебі жанармайдың тұтануынан **өрт туындау қаупі** бар!

Бактың тиектеу құрылғысының герметикалылығын үнемі тексеріп отырыңыз.

STIHL компаниясы тарапынан рұқсат етілген, жарамды от алдыру білгесін ғана қолданыңыз – «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз.

От алдыру шынжырының кабелін тексеріңіз (оқшаулағыштың мінсіз болуы, қосылыстың тығыз болуы).

Шуыл бәсеңдеткіштің мінсіз күйін тексеріңіз.

Жарамсыз немесе алынған шуыл бәсеңдеткішпен жұмыс істеуге болмайды – **өрт туындау қаупі бар! – Есту қабілеті зақымдануы мүмкін!**

Ыстық шуыл бәсеңдеткішті ұстамаңыз – **күйіп қалу қаупі бар!**

Дірілге қарсы элементтердің күйі, діріл кезінде агрегаттың күйіне әсер етеді – дірілге қарсы элементтерді үнемі тексеріп тұру қажет.

2.12 Қорғаныш айлабұйымдарындағы нышандар

Кескіш аспаптарға арналған қорғаныстағы **сілтеуіш** кескіш аспаптың айналу бағытын көрсетеді.

Келесі нышандардың кейбірі, қорғаныстың сыртқы жағында орналасады және кескіш аспаптың/қорғаныстың рұқсат етілген құрамдастырымын көрсетеді.



Қорғанысты домалақтармен бірге қолдануға болады.



Қорғанысты шабатын домалақтармен бірге қолдануға болмайды.



Қорғанысты шөп кесетін пышақ жүздерімен бірге қолдануға болады.



Қорғанысты шөп кесетін пышақ жүздерімен бірге қолдануға болмайды.



Қорғанысты қалың тоғай пышақтарымен бірге қолдануға болады.



Қорғанысты қалың тоғай пышақтарымен бірге қолдануға болмайды.




Қорғанысты ұсақтағыш пышақтармен бірге қолдануға болмайды.



Қорғанысты дискілі ара төсемдерімен бірге қолдануға болмайды.

2.13 Аспалы белдік

Аспалы қайыс жеткізілім көлеміне кіреді немесе арнайы жабдықтар ретінде алынуы мүмкін.




- ▶ Аспалы қайысты қолдану
- ▶ Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған мотоқұрылғыны аспалы қайысқа іліңіз

Шөп кесетін пышақ жүздері және қалың тоғай пышағы аспалы қайыспен (бір иықты белдікпен) бірге қолданылуы тиіс!

Дискілі ара төсемдері тез алуға арналған айлабұйымы бар екі иықты аспалы қайыспен бірге қолданылуы керек!

2.14 Шапқыш қылдары бар шапқыш бастиек



Жұмсақ "кесу" үшін - таза кесу, сондай-ақ ағаштар және дуалға арналған бағандар айналасындағы жарық қырларды кесу және т.б. үшін - ағаштардың қабығы аз дәрежеде бүлінеді.

Шапқыш бастиектің жеткізілім көлеміне ішбет парақ та кіреді. Ішбет парақта көрсетілген деректер ғана сай келе отырып, шапқыш бастиекті шапқыш қылмен жарақтаңыз.




Сақтандыру

Шапқыш қылдарды металдан жасалған сымға немесе арқанға ауыстырмаңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

2.15 Пластмассалық пышақтары бар шапқыш бастиек – STIHL PolyCut

Шалғынның ашық қырын (қадаларсыз, дуалдарсыз, ағаштарсыз және осыған ұқсас кедергілерсіз) шабу үшін.

Жабыстырылған рұқсат өтілген тозу таңбаламаларына назар аударыңыз!



PolyCut шапқыш бастиекте таңбаламалардың бірі төмен бағытта (сілтеуіш) бұзылса: Шапқыш бастиекті ендігіде қолданбаңыз және басқасына ауыстырыңыз! Сынған аспаптың лақтырылатын сынықтарынан **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

PolyCut шапқыш бастиекке техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқауларды міндетті түрде сақтаңыз!

Пластмассалық пышақтардың орнына PolyCut шапқыш бастиек шапқыш қылдармен де жабдықтала алады.

Шапқыш бастиектің жеткізілім көлеміне ішбет парақтар да кіреді. Шапқыш бастиекті, тек қана ішбет парақтың деректеріне сай келе отырып, пластмассалық пышақтармен немесе шапқыш қылдармен жабдықтаңыз.



Сақтандыру

Шапқыш қылдың орнына металдан жасалған сымды немесе арқанды қолданбаңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**


2.16 Металдан жасалған кескіш аспаптарды қолданған кезде кері беріліс қаупі төнуі мүмкін



Сақтандыру




Металдан жасалған кескіш құрал-сайманды қолданған кезде, аспап қатты кедергіге (ағаш діңгегі, бұтақ, томар, тас және тағы басқалар) тап болса, кері беріліс қаупі төнуі мүмкін. Бұл кезде құрылғы кері бағыт бойынша – аспаптың айналу бағытына қарсы бағытта үдейді.



Аспап **қара түсті аумақтағы** кедергіге тап болса, **кері беріліс қаупі жоғары болады.**

2.17 Шөп кескіш жүз



Шөптер мен арамшөптерге ғана арналған – Құрылғыны орақ сияқты жүргізіңіз.




Шөп кескіш жүзге тым артық жүктеме жасаған кезде, ол бүлініп кете алады – лақтырылатын заттардан **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Шөп кескіш жүзтің мұқалғаны білінсе, нұсқаулыққа сәйкес қайраңыз.


2.18 Қалың тоғай пышағы

Басылып қалған шөпті, жабайы өсетін өскіндерді және қалың бұталықты кесу, діңгектің диаметрі 2 см-ге дейін жететін жас

көшеттерді сиректеу үшін – аса қалың ағаштарды кеспеңіз – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**



Шөпті шапқан кезде және жас көшеттерді сиректеген кезде, агрегатты орақ сияқты ұстап, жердің бетіне тақап жүргізіңіз.



Жабайы өсетін өскіндерді және қалың бұталықты сиректеу үшін, қалың тоғай пышағын өсімдіктің үстінен "батырыңыз" - кесу материалы ұсақталады - бұл кезде кескіш аспапты жамбастан жоғары ұстамаған жөн.

Осындай жұмыс техникасы кезінде, аса сақ болуыңыз қажет. Кескіш аспаптардың қашықтығы жерден неғұрлым алшық болса, бөлшектердің шет жаққа қарай лақтырылу қаупі соғұрлым жоғары болады - **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Назар аударыңыз! Қалың тоғай пышағына тым артық жүктеме жасаған кезде, ол бүлініп кете алады – лақтырылатын заттардан **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Жазатайым оқиғаның туындау қаупін төмендету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:

- Тастарға, металдан жасалған заттарға немесе соған ұқсас заттарға тигізбеңіз
- диаметрі 2 см-ден асатын сүректі немесе бұталықты кеспеңіз - аса үлкен диаметр үшін ара жүзін қолданыңыз

- Қалың тоғай пышағында зақымдардың бар/жоқ екенін үнемі тексеріп тұрыңыз – қалың тоғай пышағы бүлінген болса, оны ендігіде қолданбаңыз
- Қалың тоғай пышағын үнемі нұсқауға сай қайрап тұрыңыз (мұқалып қалғаны білінсе) - қажет болса - теңдестіріңіз (STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады)

2.19 Ара жүзі

Діңгектің диаметрі 4 см дейін жететін бұталар мен ағаштарды кесу үшін.

Толық газ берілген кезде және беріліс қысымы біркелкі болған кезде, кесу өнімділігі жоғары болады.

Ара жүздері, кескіш аспаптардың диаметріне сай келетін тірекпен бірге қолданылуы керек.




Сақтандыру

Ара жүзін тастарға және жерге тигізбеңіз – жарықшақтану қаупі төнуі мүмкін. Нұсқаулыққа сәйкес дер кезінде қайраңыз – Мұқалған тістер, жарықшақтануға және ара жүзінің сынуына себеп бола алады – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төнуі мүмкін!**

Ағашты кескен кезде, аз дегенде екі ағаштың ұзындығы сияқты келесі жұмыс орнына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.

2.19.1 Кері беріліс қаупі



Қара түсті аумақта кері беріліс қаупі жоғары болады: Бұл аумақта, ешқашан кесуге тақмаңыз және кеспеңіз.

Сұр түсті аумақта да кері беріліс қаупі болады: Бұл аумақта, арнайы жұмыс техникасының әдістеріне үйретілген тәжірибелі қызметкерлер құрамы жұмыс істеуге тиіс.

Ақ түсті аумақта, кері берілісі төмен болатын жеңіл жұмыс жасауға болады. Аспапты әрқашан осы аумаққа тақаңыз.


































3 Кескіш аспаптың, қорғаныштың, тұтқыштың және аспалы қайыстың рұқсат етілген құрамдастырымдары

Кескіш құрал-сайман

Қорғаныш, тірек

Сап

Аспалы белдік

3.1 Рұқсат етілген құрамдастырымдар

Кескіш құрал-сайманға қарай, кестеден дұрыс құрамдастырымды таңдаңыз!



Сақтандыру

Қауіпсіздік мақсатында, тек бір кесте жолағында орналасқан кескіш құрал-саймандардың, қорғаныштың, тұтқыштардың және аспалы қайыстардың құрылымдық атқарымы ғана құрамдастырылуы тиіс. Басқа құрамдастырымдарға рұқсат берілмейді – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі!**

3.2 Кескіш құрал-саймандар

3.2.1 Шабатын домалақтар

- 1 STIHL SuperCut 20-2
- 2 STIHL AutoCut C 26-2
- 3 STIHL AutoCut 25-2/AutoCut 27-2
- 4 STIHL AutoCut 30-2

- 5 STIHL AutoCut 36-2
- 6 STIHL DuroCut 20-2
- 7 STIHL PolyCut 18-2
- 8 STIHL PolyCut 20-3
- 9 STIHL PolyCut 28-2
- 10 STIHL TrimCut 32-2

3.2.2 Металдан жасалған кескіш құрал-саймандар

- 11 Шөп кесетін пышақ жүзі 230-2 (Ø 230 мм)
- 12 Шөп кесетін пышақ жүзі 260-2 (Ø 260 мм)
- 13 Шөп кесетін пышақ жүзі 230-4 (Ø 230 мм)
- 14 Шөп кесетін пышақ жүзі 230-8 (Ø 230 мм)
- 15 Шөп кесетін пышақ жүзі 250-32 (Ø 250 мм)
- 16 Қалың тоғай пышағы 250-3 (Ø 250 мм)
- 17 Қашау төріздес тістері (4112) бар дискілі ара төсемі 200-22, HP қашау төріздес тістері (4001) бар дискілі ара төсемі 200-22



Сақтандыру

Металдан басқа материалдардан жасалған шөп кесетін пышақ жүздеріне, қалың тоғай пышағына және дискілі ара төсемдеріне рұқсат берілмейді.

3.3 Қорғаныштар, тірек

- 18 Шабатын домалақтарға арналған қорғаныс
- 19 Қорғаныш жөне
- 20 Алжапқыш пен шабатын домалақтарға арналған пышақ
- 21 Алжапқышы жөне металдан жасалған кескіш аспаптарға арналған пышағы жоқ қорғаныш, 8 күйінен 13 күйіне дейін
- 22 Дискілі ара төсемдеріне арналған тірек

3.4 Тұтқыштар

- 23 Айналымалы тұтқыш
- 24 Айналымалы тұтқыш жөне
- 25 Қамыт (қадам шектегіш)
- 26 Екі тұтқалы тұтқыш

3.5 Аспалы қайыстар

- 27 Бір иықты белдікті қолдануға болады
- 28 Бір иықты белдік қолданылуы тиіс
- 29 Екі иықты аспалы қайысты қолдануға болады
- 30 Екі иықты аспалы қайыс қолданылуға тиіс

4 Рұқсат етілген аспалы аспаптар

Негізгі мотоқұрылғыға STIHL компаниясының келесі аспалы құралдарын монтаждауға болады:

Аспалы құрал

BF
HL 145°¹⁾
HT¹⁾
RG³⁾

SP^{1) 2)}

Қолдану

Топырақ фрезасы
Мотошапқыш
Биікте кескіш
Арамшөп жою
құрылғысы
Егінді жинайтын арнайы
құрылғы

5 Екі тұтқалы тұтқышты монтаждау

5.1 Айналымалы тұтқаның тіреніші бар екі тұтқалы тұтқышты монтаждаңыз


Айналымалы тұтқаның тіреніші, жеткізілім сәтінде-ақ білікке монтаждалады. Түтікшелі тұтқышты монтаждау үшін, қысқыш ішбеттерді демонтаждау қажет.

¹⁾ Екі тұтқалы тұтқышы бар құрылғылар үшін рұқсат етілмейді

²⁾ Құрылғымен бірге жеткізілетін тұтқыштың шлангын қолданыңыз


³⁾ Айналымалы тұтқышы бар құрылғыда қамыт (қадам шектегіш) қолданылуы тиіс

5.1.1 Қысқыш ішбеттерді демонтаждау




- ▶ төменгі қысқыш ішбетті (1) және жоғарғы қысқыш ішбетті (2) ұстап тұрыңыз
- ▶ Қыспақ бұrandасын (3) бұрап алыңыз – қыспақ бұrandасын бұрап алғаннан кейін толымдаушылар нықтап отырмайды және екі серіппенің (4, 5) көмегімен ажыратылады!
- ▶ Қыспақ бұrandасын алып шығарыңыз – тығырық (6) қыспақ бұrandасында қала береді
- ▶ Қысқыш ішбеттерді ажыратыңыз – серіппелер (4, 5) төменгі қысқыш ішбетте қала береді!

- ▶ тығырығы өткізілген қыспақ бұrandасын екі ішбет арқылы тірелгенге дейін өткізіңіз – барлық толымдаушыларды бірге ұстаңыз да, бекітіңіз




- ▶ моторға қарай қыспақ бұrandасымен бекітілген толымдаушылардың бекіткішін тұтқаның тіренішіне (8) орнатыңыз
- ▶ Қыспақ бұrandасын тұтқаның тіренішіне тірелгенге дейін басыңыз, содан кейін бекітілгенше бұрап тастаңыз
- ▶ Түтікшелі тұтқышты білікке қарай көлденең тегістеңіз – көлемін (A) тексеріңіз
- ▶ Қыспақ бұrandасын қатты бұрап тастаңыз

5.1.2 Түтікшелі тұтқышты бекіту



- ▶ Түтікшелі тұтқышты (7) қысқыштың төменгі корпусына (1) салыңыз, сонда қашықтық (A) 15 см (6 дюйм) аспайды
- ▶ жоғарғы қысқыш ішбетті және екі ішбетті бірге ұстаңыз

5.1.3 Басқару тұтқышын монтаждау




- Бұранданы (9) бұрап алыңыз – сомын (10) басқару тұтқышының (11) ішінде қала береді
- Басқару тұтқышын және редуктор бағытында көрсететін газ иінірегін (12) түтікшелі тұтқыштың (7) соңына қарай, тесіктер (13) сай келгенге дейін жылжытыңыз
- Бұранданы (9) бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз

5.1.4 Дроссельді жапқыштың басқару арқанын бекіту

Нұсқау

Дроссельді жапқыштың басқару арқанын бүктемеңіз немесе тар радиуста орналастырмаңыз – газ иінірегі оңай қозғалып тұруы тиіс!




- Дроссельді жапқыштың басқару арқанының тұтқышы (15) мен дроссельді жапқыштың басқару арқанын (14) білікке орнатыңыз
- Дроссельді жапқыштың басқару арқанының ұстағышын (15) қысыңыз. Дроссельді жапқыштың басқару арқанының ұстағышы (15) шертілген дыбыспен кіріп қалады

5.1.5 Дроссельді жапқыштың басқару арқанын орнату

- Дроссельді жапқыштың басқару арқанының дұрыс реттелгенін тексеріңіз – «Дроссельді жапқыштың басқару арқанын реттеу» бөлімін қараңыз

5.1.6 Түтікшелі тұтқышты...

тасымалдау күйіне көтеріңіз




- Қыспақ бұрандасын (3) босатыңыз және түтікшелі тұтқыш (7) бұрала алмаған сәтке дейін бұрап алыңыз
- Түтікшелі тұтқышты 90°-қа сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз және төмен түсіріңіз
- Қыспақ бұрандасын (3) қатты бұрап тастаңыз

жұмыс күйіне қатты бұрап тастаңыз


- Түтікшелі тұтқышты, жоғарыда көрсетілгендей кері тәртіпте бұраңыз немесе сағат тілінің бағыты бойынша жылжытыңыз

6 Айналмалы тұтқышты монтаждау

6.1 Қамытты айналмалы тұтқышты монтаждаңыз




- Төрт қырлы сомындарды (1) қамыттың (2) ішіне кіргізіңіз – қаптамаға тесік жасаңыз




- ▶ Қамытты (3) айналмалы тұтқыштың (4) ішіне кіргізіңіз және бірге артқы ілмекке (5) отырғызыңыз
- ▶ Қамытты (6) орнатыңыз
- ▶ Қамытты (2) орнатыңыз – ережені сақтаңыз!
- ▶ Қаптамаға тесік жасаңыз
- ▶ Бұрандаларды (7) тесіктердің ішіне салыңыз – қамытты тірелгенге дейін бұрап тастаңыз
- ▶ "Айналмалы тұтқышты бекіту" бөлімін қараңыз

6.2 Айналмалы тұтқышты қамытсыз монтаждаңыз



- ▶ Қамытты (3) айналмалы тұтқыштың (4) ішіне кіргізіңіз және бірге артқы ілмекке (5) отырғызыңыз
- ▶ Қамытты (6) орнатыңыз
- ▶ Қаптамаға тесік жасаңыз
- ▶ Тығырлықты (7) бұрандаға (8) салыңыз да, қайтадан тесікке орнатыңыз, содан соң төрт қырлы сомынды (1) - тірелгенге дейін бұрап тастаңыз
- ▶ "Айналмалы тұтқышты бекіту" бөлімін қараңыз

6.3 Айналмалы тұтқышты бекіту



Қашықтықты (A) өзгерту арқылы, айналмалы тұтқыш, пайдалануға және қолдану нұсқасына аса ыңғайлы болатын күйге орнатылуы мүмкін.

Ұсыныс: Қашықтық (A) шамамен 20 см (8 дюйм)


- ▶ Айналмалы тұтқышты қажетті күйге жылжытыңыз
- ▶ Айналмалы тұтқышты (4) тегістеңіз
- ▶ Айналмалы тұтқыш ендігінде артқы ілмектің бойымен айналмауы үшін, бұрандаларды қаттырақ бұрап тастаңыз – қамыт болмаса: қажет болғанда, сомындарды бекітіңіз

Төлке (9) елге байланысты қолжетімді болады және айналмалы тұтқыш пен басқару тұтқышы арасында болуға тиіс.

7 Кедергіштің жапқышын басқару арқанын реттеу

Агрегатты монтаждағаннан кейін немесе аса ұзақ уақыт бойы қолданғаннан кейін, газдың арқаншасын реттеу жұмысын түзету қажет болады.

Дроссельді жапқыштың басқару арқанын, агрегат толықтай монтаждalған кезде ғана реттеңіз.




002BA655 KN

- Газ иінтірегін толық газ күйіне келтіріңіз
- Газ иінтірегіндегі бұранданы нұсқардың бағыты бойынша бірінші кедергіге дейін бұраңыз. Содан кейін тағы да бір жарты айналым жасаңыз

8 Тірек ілмегін монтаждау

8.1 Полимерден жасалған түрленім




002BA529 KN

Тірек ілмегінің күйін "Маңызды толымдаушылары" бөлімінен қараңыз.

- Салмақ түсетін ілмекті (1) қарнаққа орнатыңыз және қарнақты басыңыз.
- M5 сомынын салмақ түсетін ілмектегі алты қырлы тесікке салыңыз.
- M5x14 бұранданы бұрап қойыңыз
- Тірек ілмегін тегістеңіз
- Бұранданы қатты бұрап тастаңыз

9 Қорғанысты монтаждау

9.1 Қорғанысты монтаждау



002BA636 KN

1 Шапқыш құралдарға арналған қорғаныш

2 Шабатын домалақтарға арналған қорғаныс

(1) және (2) қорғаныштары беріліс үстіне бірдей бекітіледі.

- Қорғанышты беріліс үстіне қойыңыз
- Бұрандаларды (3) бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз


9.2 Алжапқыш пен пышақты монтаждау



Сақтандыру


Лақтырылатын заттардан жарақат алу және кескіш аспаппен жанасу қаупі. Шабатын домалақтарды қолдану кезінде, осы алжапқыш пен пышақ қорғанысқа (1) монтаждалған болуы тиіс.

9.3 Алжапқышты орнату




- ▶ Алжапқыштың бағыттауыш саңылауын, қорғаныс төрткілдешіне орнына түскенше отырғызыңыз

9.4 Алжапқышты демонтаждау




- ▶ кіріктірілмелі өзекті алжапқыштағы тесікке салыңыз да, кіріктірілмелі өзекпен алжапқышты бір уақытта солға қарай сәл сырғытыңыз
- ▶ Алжапқышты толығымен қорғаныстан алып тастаңыз

9.5 Пышақты орнатыңыз



- ▶ Пышақты алжапқыштың бағыттауыш саңылауына салыңыз
- ▶ Бұранданы бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз

9.6 Тіректі монтаждау




Сақтандыру

Лақтырылатын заттардан жарақат алу және кескіш аспаппен жанасу қаупі. Дискілі ара төсемдерін қолданған кезде, үнемі тірек (6) монтаждалуы тиіс.

- ▶ Беріліс қорабының ернемегіне тіректі (6) қойыңыз
- ▶ Бұрандаларды (7) бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз

10 Кескіш аспапты монтаждау

10.1 Мотоқұрылғыны басқа жерге қойыңыз




- Моторды тоқтатыңыз
- Мотоқұрылғыны қойғанда, кескіш аспапқа арналған бекіткіш жоғары қарап тұруы қажет

10.2 Кескіш аспаптарға арналған бекіткіш бөлшектер

Жаңа құрылғыны бастапқыда жабдықтаған кезде жеткізілетін кескіш аспабына байланысты, кескіш аспапқа арналған бекіткіш бөлшектердің жеткізілім көлемі де ерекшелене алады.

10.2.1 Бекіткіш бөлшектері бар жеткізілім көлемі


Шабатын домалақтар мен металдан жасалған кескіш аспаптар монтаждала алады.



Бұл үшін, кескіш аспаптардың құрылымдық атқарымына байланысты, қосымша ретінде сомын (3) және қозғалмалы диск (2) қажет. Қысым тақтасы (1) барлық кескіш аспаптарға бекітілуі керек.


Толымдаушылар, құрылғымен бірге жеткізілетін және арнайы жабдықтар ретінде ұсынылатын толымдаушылар жиынтығына кіреді.

10.2.2 Бекіткіш бөлшектері жоқ жеткізілім көлемі



Білік (2) үстіне тікелей бекітілетін шабатын домалақтар ғана монтаждала алады.


10.3 Білікті бұғаттау



Кескіш аспаптарды монтаждау және демонтаждау үшін білік (2) кіріктірмелі өзектің (6) немесе иілген бұрауыштың (6) көмегімен бұғатталуға тиіс. Толымдаушылар жеткізілім көлеміне кіреді, сондай-ақ арнайы жабдықтар ретінде жеткізіледі.

- Кіріктірмелі өзекті (6) немесе иілген бұрауышты (6) жетектің ішіндегі тесікке (7) тірелгенге дейін салыңыз – сәл басыңыз
- Білікте, кіріктірмелі өзек бекітілмейінше және білік бұғатталмайынша сомынды немесе кескіш аспапты бұрай беріңіз

10.4 Бекіткіш бөлшектерді демонтаждау



- Кіріктірілмелі өзекпен (1) білікті (3) бұғаттаңыз
- Құрамдастырылған кілттің (2) көмегімен, сомынды (3) сағат тілінің бағыты бойынша

(сол жақ бұранда) бұраңыз және оны бұрап алыңыз

- Қозғалмалы дискті (4) біліктен (5) алып тастаңыз, қысқыш дискті (6) алмаңыз


10.5 Кескіш аспапты монтаждау



Лақтырылатын заттардан жарақат алу және кескіш аспаппен жанасу қаупі. Кескіш аспап үшін тиісті қорғанысты қолданыңыз – «Қорғанысты монтаждау» бөлімін қараңыз.

10.6 Шапқыш бастиекті бұрандалы қосылыспен орнатыңыз

Шапқыш бастиектің техникалық сипаттамалары қоса берілген нұсқаулықты сенімді жерде сақтаңыз.



- Қысқыш дискті (1) орнатыңыз
- Шабатын домалақты (3) білікке (4) тиіп тұрғанға дейін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз
- Кіріктірілмелі өзекпен (2) білікті (4) бұғаттаңыз
- Шабатын домалақты (3) бұрап тастаңыз

Нұсқау

Білікті бұғаттауға арналған құралды қайтадан алыңыз.

10.7 Шапқыш бастиекті демонтаждаңыз

- Кіріктірілмелі өзекпен (2) білікті (4) бұғаттаңыз
- Шабатын домалақты (3) сағат тілінің бағытында бұрап, шығарып алыңыз

10.8 Металдан жасалған кескіш аспаптарды монтаждау

Ішбет парақ пен металдан жасалған кескіш аспаптың қаптамасын мұқият түрде сақтаңыз.




Сақтандыру

Қорғаныш қолғаптарын киіңіз – өткір кескіш жиектерден жарақат алу қаупі бар.

Әрқашан металдан жасалған кескіш аспаптың тек біреуін ғана орнатыңыз!


Кескіш аспапты дұрыс орнатыңыз



Кескіш аспаптар (2, 4, 5, 6) кез-келген жаққа қарай бағыттала алады – бір жағы ғана тозбас үшін осы кескіш аспапты үнемі айналдырып тұрыңыз.

Кескіш аспаптарға (1, 3, 7, 8) арналған кескіш жиектер сағат тілінің бағыты бойынша қойылуы тиіс.

Қорғаныштың ішкі жағындағы айналу бағытының сілтеуішін ұстаныңыз.



- Қысқыш дискті (9) орнатыңыз
- Кескіш аспапты (8) қысқыш дисктің (9) үстіне қойыңыз

Қамыт (сілтеуіштер) кескіш аспаптардың тесігіне тиюі тиіс.

Кескіш аспапты бекітіңіз

- Қозғалмалы дисктерді (10) орнатыңыз
- Кіріктірілмелі өзекпен (12) білікті (11) бұғаттаңыз
- Құрамдастырылған кілттің (14) көмегімен сомынды (13) сағат тіліне қарсы бағытта білікке бұрап кигізіп, қатты бұрап тастаңыз

**Сақтандыру**

Кесу құралының босатылуы салдарынан жарақат алу қаупі. Босап кеткен сомынды ауыстырыңыз.

Нұсқау

Білікті бұғаттауға арналған құралды қайтадан алыңыз.

10.9 Металдан жасалған кескіш аспапты демонтаждаңыз

**Сақтандыру**

Қорғаныш қолғаптарын киіңіз – өткір кескіш жиектерден жарақат алу қаупі бар

- ▶ Кіріктірілмелі өзекпен (12) білікті (11) бұғаттаңыз
- ▶ Сомынды (13) сағат тілінің бағытында босатыңыз
- ▶ Кескіш аспап пен оның бекіткіш бөлшектерін жетектен алып тастаңыз – бұл кезде қысқыш диск (9) **алынбауы** керек

11 Жанармай

Мотор бензиннен және мотор майынан жасалған жанармай қоспасында жұмыс істеуге тиіс.

**Сақтандыру**

Жанармаймен тікелей жанасудан және жанармай буларын ішкері жұтудан сақтаныңыз.

11.1 STIHL MotoMix

STIHL компаниясы STIHL MotoMix қоспасын қолдануға ұсыныс береді. Аталған жанармай қоспасында бензол, тетраэтилқорғасын бар, октан саны жоғары болып табылады және дұрыс қоспалар пропорциясын әрдайым қамтамасыз етеді.

STIHL қозғалтқышының барынша көп қызмет ету мерзіміне арналған STIHL MotoMix жанармай қоспасы екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған HP Ultra мотор майымен араластырылған.

MotoMix жанармай қоспасы барлық өткізу нарықтарында тең дәрежеде ұсынылмаған.

11.2 Жанармай қоспасын дайындау

Нұсқау

Жарамсыз жанар-жағармай материалдары немесе нұсқаулықтарға сай келмейтін қоспалар пропорциясы жетекке күрделі зиян келтіре алады. Аса төмен сападағы бензин немесе мотор майы қозғалтқышты, нығыздағыш сақиналарды, құбыржолдары және жанармай бағын бұза алады.

11.2.1 Бензин

Тек қана құрамында тетраэтилқорғасын болатын немесе болмайтын ең аз октан саны 90 ROZ құрайтын **таңбалы бензинді** қолданыңыз.

Этанолдың құрам үлесі 10%-дан жоғары болатын бензин, қолдан ретке келтірілетін карбюратормен жұмыс істейтін моторлардың жұмысын іске шығара алады, сондықтан осындай моторлар үшін олар қолданылмағаны жөн.

M-Tropic жүйесі бар моторлар, этанолдың құрам үлесі 27%-ға дейін (E27) жететін бензинді қолданған кезде, соның арқасында толық қуат қамтамасыз етіледі.

11.2.2 Мотор майы

Егер жанармай өзі араласатын болса, STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын ғана немесе басқа JASO FB, JASO FC, JASO FD, ISO-L-EGB, ISO-L-EGC немесе ISO-L-EGD сыныпты тиімділігі жоғары майды қолдануға болады.

STIHL компаниясы STIHL HP Ultra екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын немесе қозғалтқыштың барлық қызмет ету мерзімі ішінде шығарындылардың шекті мөндерін қамтамасыз ету үшін балама тиімділігі жоғары мотор майын қолдануды ұсынады.

11.2.3 Қоспалар пропорциясы

STIHL 1:50; 1:50 екі ырғақты қозғалтқыштарына арналған мотор майында = майдың 1 бөлігі + бензиннің 50 бөлігі

11.2.4 Мысалдар

**Бензиннің
мөлшері** **STIHL өкі ырғақты
қозғалтқышқа
арналған май 1:50**

Литр	Литр	(мл)
1	0,02	(20)
5	0,10	(100)
10	0,20	(200)
15	0,30	(300)
20	0,40	(400)
25	0,50	(500)

- ▶ жанармайға жарамды болатын канистрге алдымен мотор майын, кейін бензинді құйыңыз және мұқият араластырыңыз

11.3 Жанармай қоспасын сақтау

Жанармайға рұқсат етілген сұйыққоймаларда қауіпсіз, құрғақ және салқын жерде ғана сақтаңыз, жарық пен күн сәулесінен қорғаңыз.

Жанармай қоспасы ескірсе – қоспаның босалқы қорын бірнеше аптаға ғана дайындаңыз. Жанармай қоспасын 30 күннен артық сақтамаңыз. Жарықтың, күн сәулесінің, төмен немесе жоғары температуралардың әсерінен жанармай қоспасы өзінің қолданыс сипаттамаларынан тез айырылады.

Алайда STIHL MotoMix еш қиындықсыз 5 жылға дейін сақтала алады.

- ▶ Канистрді жанармаймен толтырар алдында, оны мұқият шайқап алғаныңыз жөн



Сақтандыру

Канистрдегі қысым көтеріле алады, абайлап ашыңыз.


- ▶ Жанармай бағын және канистрді уақыт өте келе мұқият тазартып отырыңыз

Жанармайдың қалдықтарын және тазарту үшін қолданылған сұйықтықты нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кедеге жаратыңыз!

12 Жанармайды толтырып құю




12.1 Құрылғыны дайындау



- ▶ Бакты ластанудан қорғау үшін, оны толтырудың алдында бактың тиектеу құрылғысын және айналасын тазартыңыз
- ▶ Бактың тиектеу құрылғысы жоғары қарайтындай етіп агрегатты жайғастырыңыз

12.2 Бактың тиектеу құрылғысын ашыңыз



- ▶ Қақпақ бактың тесігінен алынбайынша, оны сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұрай беріңіз
- ▶ Бактың тиектеу құрылғысын алып тастаңыз


12.3 Жанармайды құйыңыз

Жанармайды бактың өрнеуіне дейін толтырып құймаңыз және жан-жағына шашыратпаңыз.

STIHL компаниясы STIHL компаниясының жанармай құю жүйесін ұсынады (арнайы құрал-жабдықтар).

- ▶ Жанармайды құйыңыз

12.4 Бактың тиектеу құрылғысын жабыңыз




- Қақпақты орнатыңыз
- Қақпақты сағат тілінің бағыты бойынша тірелгенге дейін бұраңыз және мүмкіндігінше қатты бұрап тастаңыз

13 Аспалы қайысты орнату

Аспалы белдіктің түрі мен құрылымы нарыққа байланысты болады.

Аспалы қайысты қолдану – «Кескіш аспаптың, қорғаныштың, тұтқыштың, аспалы қайыстың рұқсат етілген құрамдастырымдары» бөлімін қараңыз.

13.1 Бір иықты белдік




- Бір иықты белдікті (1) орнатыңыз
- Ілмек карабин (2) оң жақ жамбастың астында шамамен алақанның ені

қашықтығында болатындай етіп қайыстың ұзындығын реттеңіз

- Құрылғыны теңдестіру – «Құрылғыны теңдестіру» бөлімін қараңыз


13.2 Екі иықты аспалы қайыс



- Екі иықты аспалы қайысты (1) орнатыңыз және құлып тілімшесін (3) шерт еткізіп жабыңыз
- Қайыстың ұзындығын реттеңіз – ілмек карабин (2), шамамен оң жақ жамбастың астындағы алақанның ені биіктігінде болуы тиіс
- Құрылғыны теңдестіру – «Құрылғыны теңдестіру» бөлімін қараңыз

14 Құрылғыны теңдестіру

14.1 Құрылғыны аспалы белдікке іліңіз




Аспалы белдік пен ілмек карабиннің түрі мен түрленімі нарыққа байланысты болады.

- Ілмек карабинді (1) біліктегі тірек ілмегіне (2) іліңіз

14.2 Құрылғыны теңдестіру


Құрылғы, монтаждalған кескіш аспапқа байланысты әртүрлі тәсілмен теңдестіріледі.

«Теңдестіру күйлерінде» келтірілген шарттар орындалмайынша, келесі қадамдарды жасаңыз:




- Бұранданы (1) босатыңыз
- Тірек ілмегін (2) жылжытыңыз
- Бұранданы (1) сәл бұрап қойыңыз
- Құрылғыны теңдестіріңіз
- Теңдестіру күйін тексеріңіз:

Теңдестіру күйлері



Шабатын домалақтар, шөп кесетін пышақ жүздері және қалың тоғай пышағы сияқты шапқыш құралдар (A)

- жерге сәл тиіп тұруы тиіс




Дискілі ара төсемдері (B)

- шамамен 20 см (8 дюйм) қашықтығында «қалықтауы» тиіс

Дұрыс теңдестіру күйіне жеткеннен кейін:

- Тірек ілмегіндегі бұранданы (1) қатты бұрап тастаңыз

14.3 Құрылғыны аспалы қайыстан ажыратыңыз




- Ілмек карабиндегі төрткілдешке (1) басыңыз және тірек ілмегін (2) ілгектен суырып алыңыз

15 Моторды іске қосу / тоқтату


15.1 Басқару элементтері

15.1.1 Екі тұтқалы тұтқышы бар құрылымдық атқарым



- 1 Газ иінтірегінің төжеуіші
- 2 Газ иінтірегі
- 3 Ажырату түймесі – жұмыс тәртібі және Тоқтату күйімен. От алдыруды сөндіру үшін ажырату түймесін (⊖) басу керек – «Ажырату түймесі мен от алдырудың жұмысы» бөлімін қараңыз

15.1.2 Айналмалы тұтқышы бар құрылымдық атқарым




- 1 Газ иінтірегінің төжеуіші
- 2 Газ иінтірегі

3 Ажырату түймесі – жұмыс тәртібі және Тоқтату күйімен. От алдыруды сөндіру үшін ажырату түймесін (⊖) басу керек – «Ажырату түймесі мен от алдырудың жұмысы» бөлімін қараңыз



15.1.3 Ажырату түймесі және от алдыру атқарымы

Ажырату түймесіне басқанда от алдыру сөндіріледі де, қозғалтқыш тоқтайды. Жібергенде ажырату түймесі қайтадан **жұмыс күйіне** оралады: Қозғалтқыш тоқтағаннан соң, от алдыру жұмыс күйінде қайтадан автоматты түрде қосылады – қозғалтқыш жұмысқа дайын және іске қосылуы мүмкін.

15.2 Қозғалтқышты іске қосу





- Қолмен атқарылатын жанармай сорғысының сифонын (9) аз дегенде 5 рет басыңыз, сонымен қатар, егер де жанармайы құйылмаған кезде де солай басыңыз
- Қозғалтқыштың температурасына қарай ауа қақпағының тұтқышын (8) басыңыз және сәйкес күйге реттеңіз:

 қозғалтқыш салқын болса
 қозғалтқыш қызса, бірақ қызуы әлі жеткіліксіз болса – тіпті қозғалтқыш жұмыс істеп жатқан жағдайдың өзінде де

Ауа қақпағының тұтқышы шертілген дыбыспен орнына түсуі керек.

15.2.1 Іске қосу




- агрегатты жерге тұрақты күйге қойыңыз: қозғалтқыштағы штуцер және кескіш аспапқа арналған қорғаныс тіректі қалыптастырады
- келесілер бар болса: кескіш аспапта тасымалдау кезіндегі қорғаныс болса – оны алып тастаңыз

Кескіш аспап жерге де, қандай да бір заттарға да тимеуі қажет – **жазатайым оқиға туындау қаупі!**

- тұрақты күйге орналасыңыз – Нұсқалары: тұрып, иіліп немесе тізерлеп
- сол қолыңызбен құрылғыны **нықтап** жерге басыңыз – бұл кезде газ иінтірегіне де, газ иінтірегінің тежеуішіне де тимеңіз – бас бармағыңыз желдеткіш корпусының астында тұрады

Нұсқау

Аяғыңызды білікке қоймаңыз және оған тізеңізбен отырмаңыз!




- ▶ оң қолыңызбен іске қосатын арқаны алыңыз
- ▶ Іске қосатын арқанды бірінші сезілетін тірекке дейін баяулап тартыңыз, содан кейін жылдам әрі қатты созыңыз

Нұсқау

Арқанды соңына дейін шығармаңыз – **үзілу қаупі бар!**

- ▶ Іске қосатын сапты тез ырғақпен артқа жібермеңіз – іске қосатын арқан дұрыс оралуы үшін, созуға қарсы бағытта баяу апарыңыз
- ▶ қозғалтқыш от алмайынша, оны іске қоса беріңіз

15.2.2 Қозғалтқыш іске қосылған кезде

- ▶ Газ иіңтірегінің тежеуішін басыңыз және газ беріңіз – ауа қақпағының тұтқышы Іқолданыс күйіне ауысады – суықтай іске қосудан кейін қозғалтқышты айнымалы жүктемемен қыздыру керек



Сақтандыру

Бос тұрған кезде айналмалы кескіш аспаптан жарақат алу қаупі. Карбюраторды кескіш аспап бос жүріс кезінде айналмайтындай етіп реттеңіз – «Карбюраторды реттеу» бөлімін қараңыз.

Агрегат жұмыс істеуге дайы.

15.3 Қозғалтқышты тоқтатыңыз

- ▶ Ажырату түймесін басыңыз – қозғалтқыш тоқтайды – ажырату түймесі босатылады – ажырату түймесі артқа қарай серпіледі

15.4 Іске қосуға арналған алдағы нұсқаулар

Қозғалтқыш **I** суықтай іске қосу күйіне немесе үдеген кезде ауысады.

- ▶ Ауа қақпағының тұтқышын **II** іске қосу күйіне қойыңыз – содан кейін қозғалтқыш от алмайынша іске қоса беріңіз

Қозғалтқыш $\overline{\text{I}}$ жылыдай іске қосу күйінде қосылмайды

- ▶ Ауа қақпағының тұтқышын $\overline{\text{I}}$ іске қосу күйіне қойыңыз – содан кейін қозғалтқыш от алмайынша іске қоса беріңіз

Қозғалтқыш үдемейтін болса

- ▶ барлық басқару элементтерінің ретке келтірілгенін тексеріңіз
- ▶ бактың ішіндегі жанармайдың мөлшерін тексеріңіз, қажет болғанда толтырыңыз
- ▶ от алдыру білтесінің жалғағышы нықтап отырғанын тексеріңіз
- ▶ Қозғалтқышты қайтадан іске қосыңыз

Қозғалтқыш толып кеткен

- ▶ Ауа қақпағының тұтқышын $\overline{\text{I}}$ іске қосу күйіне қойыңыз – содан кейін қозғалтқыш от алмайынша іске қоса беріңіз

Жанармай бағындағы жанармай толықтай таусылса





- ▶ жанармаймен толтырғаннан кейін, қолмен атқарылатын жанармай сорғысының сильфонына аз дегенде 5 рет басыңыз, сонымен қатар, егер де сильфонның жанармайы толы болса да солай басыңыз
- ▶ Қозғалтқыштың температурасына қарай ауа қақпағының тұтқышын реттеңіз
- ▶ Қозғалтқышты қайтадан іске қосып көріңіз

16 Құрылғыны тасымалдау


16.1 Тасымалдау кезіндегі қорғанысты қолдану


Тасымалдау кезіндегі қорғаныс түрі, мотоқұрылғының жеткізілім көлеміндегі металдан жасалған кескіш аспаптардың түріне байланысты жеткізіледі. Тасымалдау кезіндегі қорғаныс арнайы жабдықтар ретінде жеткізіледі.

16.2 Шөп кесетін пышақ жүздері 230 мм




16.3 Қалың тоғай пышағы 250 мм






681BA269 KN




681BA275 KN

- Тасымалдау кезіндегі қорғаныстағы керіlmелі қамытты ажыратыңыз
- Керіlmелі қамытты артқа қайырыңыз




681BA271 KN




681BA272 KN

16.4 Шөп кесетін пышақ жүздері 260 мм дейін




681BA301 KN



681BA305 KN


- Тасымалдау кезіндегі қорғанысты төмен жақтан кескіш аспапқа орнатыңыз




681BA311 KN

- Керіlmелі қамытты ішке қайырыңыз
- Керіlmелі қамытты тасымалдау кезіндегі қорғанысқа іліп қойыңыз

16.5 Дискілі ара төсемдері




681BA302 KN




681BA275 KN

- Тасымалдау кезіндегі қорғаныстағы керілмелі қамытты ажыратыңыз



681BA276 KN

- Керілмелі қамытты артқа қайырыңыз
- Тасымалдау кезіндегі қорғанысты төмен жақтан кескіш аспапқа орнатыңыз, осылайша тірек қуыстың ортасына орналастырылады



681BA277 KN

- Керілмелі қамытты ішке қайырыңыз
- Керілмелі қамытты тасымалдау кезіндегі қорғанысқа іліп қойыңыз

17 Қолдану жөніндегі нұсқаулар

17.1 Бірінші рет қолданған кезде

Жап-жаңа фабрикалық құрылғыны, жанармай бағын үшінші рет толтырғанға дейін жүктемесіз жоғары жиілікпен қолданбаңыз, себебі жаттықтырып жұмыс істеген кезде оған қосымша жүктемелер түсуі мүмкін. Жаттықтырып жұмыс істеген кезде, жылжымалы бөлшектер бір-біріне үйкеленуі керек - жетек тетігінде үйкеліске қатысты жоғары дәрежелі кедергі бар. Мотор 5-15 рет жанармаймен толтырылғаннан кейін ең жоғарғы қуатына жетеді.

17.2 Жұмыс барысында

Толық жүктемеде ұзақ уақыт бойы жұмыс істегеннен кейін, жылудың үлкен бөлігі салқындатқыш ауаның ағынымен аулақ әкетілмейінше, моторды біраз уақыт бойы бос жүрісте жүргізіңіз, соның арқасында жылудың тоқтап қалуының салдарынан қозғалтқыштың бөлшектеріне түсірілетін (от алдыру жүйесі, карбюратор) жүктеме төмендейді.

17.3 Жұмысты аяқтағаннан кейін


Жұмыста қысқа мерзім бойы үзіліс жасаған кезде: Моторды суытыңыз. Жанармай бағы бос құрылғыны келесі рет қолданғанға дейін құрғақ және тұтану көздерінен алшақ жерде сақтаңыз. Жұмыс барысында ұзақ уақыт бойы үзіліс жасаған кезде – "Құрылғыны сақтау" бөлімін қараңыз.

18 Ауа сүзгісін ауыстыру

Сүзгілердің қызмет ету мерзімі орта есеппен бір жылдан көп емес. Қозғалтқыш қуатының айқын төмендегені білінбеген кезге дейін,

сүзгі қақпағын демонтаждамаңыз және ауа сүзгісін ауыстырмаңыз.

18.1 Егер де қозғалтқыштың қуаты айтарлықтай төмендесе



- ▶ Ауа қақпағының тұтқышын **1** бұраңыз
- ▶ Бұрандаларды (1) босатыңқыраңыз
- ▶ Сүзгі қақпағын (2) алып тастаңыз
- ▶ Фильтрдің айналасын қатып қалған ластанудан тазартыңыз
- ▶ Сүзгіні (3) алып тастаңыз
- ▶ ластанған немесе бүлінген сүзгіні (3) ауыстыру керек
- ▶ бүлінген бөлшектерді ауыстырыңыз


18.2 Сүзгіні салыңыз

- ▶ Сүзгі корпусына сүзгіні (3) салыңыз да, сүзгі қақпағын орнатыңыз
- ▶ Бұрандаларды (1) бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз

19 Карбюраторды ретке келтіру

Агрегаттағы карбюратор, қоршаған ортаның кез-келген жағдайында және кез-келген жұмыс күйінде қозғалтқыштан оңтайлы жанармай-ауа қоспасы берілетіндей етіп зауытта реттелген.

19.1 Бос жүріс күйін реттеу



Қозғалтқыш шалақ айналым қалпында

- ▶ Қозғалтқышты 3 минуттай қыздырыңыз
- ▶ Қозғалтқыш біркелкі жұмыс істемейінше, бос жүрістің тірек бұрандасын (LA) сағат тілінің бағыты бойынша баяулап бұраңыз – кескіш аспап қозғалмауы тиіс

Жұмыс аспабы бос жүрісте қозғалады

- ▶ Кескіш аспап тоқтамайынша, бос жүрістің тірек бұрандасын (LA) сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұраңыз, содан соң бұранданы дәл сол бағытпен $1/2 - 3/4$ айналымға бұраңыз




Сақтандыру

Кескіш аспап реттелгеннен кейін бос жүрісте тоқтамай жатса, мотоқұрылғыны мамандандырылған дилерге жөндеуге беріңіз.

20 От алдыру білтесі


- ▶ Қозғалтқыштың қуаты жеткіліксіз болса, нашар қосылып жатса немесе бос жүрісте шалыс істеп тұрса, ең алдымен от алдыру білтесін тексеріп алғаныңыз жөн.
- ▶ Шамамен 100 сағаттық жұмыстан кейін от алдыру білтесін жаңасына ауыстырыңыз, электродтары қатты күйіп кеткен болса, одан да ерте ауыстырыңыз, STIHL фирмасы тарапынан рұқсат етілген кедергілерден қорғайтын от алдыру білтелерін ғана қолданыңыз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз.

20.1 От алдыру білтесін демонтаждау



- ▶ Қақпақты (1) бұрап алыңыз
- ▶ От алдыру білтесінің жалғағышын (2) алып тастаңыз
- ▶ От алдыру білтесін (3) бұрап алыңыз


20.2 От алдыру білтесін бақылау



- ▶ Ластанған от алдыру білтесін тазартыңыз
- ▶ Электродтардың (А) арасындағы қашықтықты тексеріңіз, егер қажет болса, онда қашықтықтың көлемін ретке келтіріңіз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз
- ▶ От алдыру білтесінің кірлену себептерін кетіріңіз

Ластанудың ықтимал себептері:

- жанармайдағы мотор майының артық болуы.
- ауа сүзгісінің ластануы,
- қолданыстың жағымсыз шарттары.



Сақтандыру

Егер біріктіргіш сомын (1) бұрап тарылмаса немесе болмаса ұшқын шығуы мүмкін. Жеңіл тұтанатын немесе жарылуы мүмкін орталарда жұмыс істегенде өрт немесе жарылыс болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін

- ▶ Бөгеуілдерден құралған біріктіргіш сомынмен қамтылған от алдыру білтесін қолданыңыз

20.3 От алдыру білтесін құрастыру

- ▶ От алдыру білтесін (3) бұраңыз
- ▶ Әмбебап кілттің көмегімен от алдыру білтесін (3) бұрап тастаңыз

- ▶ От алдыру шоғырсымындағы түйіспелі ұштықты (2) от алдыру білтесіне нықтап орнатыңыз
- ▶ Қақпақты (1) кигізіңіз және бұрап тастаңыз


21 Мотордың жұмысы

Ауа сүзгісінің тазартылғанына және карбюратордың дұрыстап ретке келтірілгеніне қарамастан, мотордың жұмысы қанағаттандырмайтын болса, оның себебі бәсеңдеткіште бола алады.

Бәсеңдеткіштің ішінде ластануды (кокс болуын) тексеру үшін мамандандырылған дилерге беріңіз!

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді.

22 Берілісті майлау



Бәсеңдеткіш майын әр 25 сағат сайын тексеріп, қажет болған жағдайда майлаңыз:

- ▶ Бұрандық тығынды (1) бұрап алыңыз
- ▶ Егер бұрандық тығынның (1) ішкі жағында бәсеңдеткіш майы көрінбесе: түтікті (2) STIHL бәсеңдеткіш майымен (арнайы керек-жарақ) бұраңыз
- ▶ Түтіктен (2) бәсеңдеткішке 5 г (1/5 унция) артық емес майды сығыңыз

Нұсқау

Бәсеңдеткішті толықтай маймен толтырмаңыз.

- ▶ Түтікті (2) бұрап алыңыз
- ▶ Бұрандық тығынды (1) қайтадан бұрап, қатайтып бұрап тастаңыз


23 Құрылғыны сақтау

Жұмыста 30 күннен артық Пайдаланудағы кідіріс жасалған болса

- ▶ Жанармай бағын жақсы желдетілетін жерде босатыңыз және тазалаңыз
- ▶ Жанармайды нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кетіріңіз
- ▶ Қолмен атқарылатын жанармай сорғысы болған кезде: кем дегенде 5 рет қолмен атқарылатын сорғысын басыңыз
- ▶ Қозғалтқышты іске қосыңыз және ол тоқтағанша бос жүріспен жұмыс істетіңіз
- ▶ Кескіш құрал-сайманды алып тастаңыз, тазартыңыз және тексеріңіз. Металдан жасалған кескіш құрал-саймандарға қорғаныш майын жағыңыз.
- ▶ Құрылғыны мұқият тазалаңыз
- ▶ Ауа сүзгісін тазалау
- ▶ Құрылғыны құрғақ әрі сенімді жерде сақтаңыз – оны рұқсатсыз қолданудан (мәселен, балалардың қолдануынан) қорғаңыз

24 Металдан жасалған кескіш аспаптарды қайрау

- ▶ Кескіш аспаптар аздап тозған жағдайда, оны егеу (арнайы жабдықтар) арқылы қайраңыз – кескіш аспап қатты тозған және кетілген жағдайда, оны егеуіш құрылғымен қайраңыз немесе мамандандырылған дилерге қайрауға беріңіз – STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады
- ▶ Жиі қайраңыз, бірақ материалды аздап алыңыз: қарапайым қосымша қайрауға екі немесе үш қайрау әрекеті де жеткілікті болады



- ▶ Пышақтың қалақтарын (1) біркелкі қайраңыз – негізгі жүздің (2) пішінін өзгертпеңіз


Қайрау жөніндегі одан да көп нұсқаулар, кескіш аспаптардың қаптамасында бар. Сол себептен, қаптаманы сақтаған жөн.

24.1 Теңдестіру

- ▶ шамамен 5 рет қайта қайрауға болады, содан кейін теңдестіргіш құрылғы (арнайы жабдықтар) арқылы кескіш аспаптардың теңгерімсіздігін тексеріңіз немесе STIHL компаниясының мамандандырылған дилеріне тексеруге беріңіз – STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады

25 Шапқыш бастиекке техникалық қызмет көрсету

25.1 Мотоқұрылғыны басқа жерге қойыңыз



- ▶ Моторды тоқтатыңыз
- ▶ Мотоқұрылғыны қойғанда, кескіш аспапқа арналған бекіткіш жоғары қарап тұруы қажет

25.2 Шапқыш қылды ауыстыру

Шапқыш қылды ауыстырудың алдында, шапқыш бастиектің тозуын міндетті түрде тексеріңіз.



Тозудың айрықша белгілері анықталса, жиынтықтағы шапқыш бастиекті ауыстырыңыз.

Шапқыш қыл, одан әрі қысқаша "қыл" деп аталады.

Шапқыш бастиектің жеткізілім көлеміне, қылдардың ауыстырылуын көрсететін суреттелген нұсқаулық кіреді. Сол себептен шапқыш бастиекке арналған нұсқаулықтарды мұқият сақтау керек.

- ▶ Қажет болса, шапқыш бастиекті демонтаждаңыз

25.3 Шапқыш қылды реттеу

STIHL SuperCut

Қыл автоматты түрде реттеледі, егер шапқыш қылдың ұзындығы аз дегенде

6 см (2 1/2 дюйм) болса – қорғаныштағы пашықтың көмегімен, ұзын қылдар оңтайлы ұзындыққа дейін қысқартылады.

STIHL AutoCut

- ▶ Моторы жұмыс істеп тұрған құрылғыны көгалдың үстінен ұстап тұрыңыз – шапқыш бастиек айналып тұруы тиіс
- ▶ Шапқыш бастиекті жерге сәл тигізіңіз – қыл реттеледі және қорғаныштағы пышақтың көмегімен оңтайлы ұзындыққа дейін кесіледі

Шапқыш бастиек әрбір рет жерге тиген кезде, қылды реттейді. Сол себептен, жұмыс кезінде шапқыш бастиектің кесу өнімділігін ескеру қажет. Егер шапқыш бастиек жерге жиі тие беретін болса, онда шапқыш қылдың пайдаланылып болған бөлшектері пышақ арқылы кесіледі.

Қылдың екі ұшы аз дегенде **2,5 см (1 дюйм)** болған кезде, қосымша реттеу жасалады.

STIHL TrimCut



Сақтандыру

Шапқыш қылды қосымша реттеген кезде, моторды міндетті түрде тоқтатыңыз – керісінше жағдайда **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

- ▶ Орауыш каркасын жоғары көтеріңіз – сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұраңыз – бекітілгенше шамамен 1/6 айналым жасаңыз да, бастапқы күйге түсіріңіз
- ▶ Қылдың ұштарын сыртқа тартыңыз

Қажет болғанда, жіптің екі ұшы қорғаныштағы пышаққа дейін жетпейінше үдерісті қайталаңыз.

Бекіткіштен бекіткішке дейін жасалған бір айналмалы қозғалыс, шамамен **4 см (1 1/2 дюйм)** қылды босатады.

25.4 Шапқыш қылдарды ауыстырыңыз

STIHL PolyCut

PolyCut шапқыш бастиегінде, кескіш пышақтың орнына кесілген қыл да монтаждала алады.

STIHL DuroCut, STIHL PolyCut**Сақтандыру**

Шапқыш бастиекті қолмен қуаттау үшін моторды міндетті түрде тоқтатыңыз – керісінше жағдайда, **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

- ▶ Шапқыш бастиекті тек қана қоса берілетін нұсқаулығына сай жабдықтаңыз

25.5 Пышақты ауыстыру**25.5.1 STIHL PolyCut**

Кескіш пышақтарды ауыстырудың алдында шапқыш бастиектің тозуын міндетті түрде тексеріңіз.

**Сақтандыру**

Тозудың айрықша белгілері анықталса, жиынтықтағы шапқыш бастиекті ауыстырыңыз.

Кескіш пышақтар, одан әрі қысқаша "пышақтар" деп аталады.

26 Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар

Деректер қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек.		жұмысты бастамас бұрын	жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын	бакты өрбір рет толтырғаннан кейін	апта сайын	ай сайын	жылына бір рет	ақау болған кезде	бүлінген кезде	қажет болғанда
Жалпы агрегат	Сырттан бақылау (жағдайы, герметикалылығы)	X		X						
	Тазарту		X							
	Бүлінген бөлшектерді ауыстырыңыз	X							X	

Шапқыш бастиектің жеткізілім көлеміне, пышақтардың ауыстырылуын көрсететін суреттелген нұсқаулық кіреді. Сол себептен шапқыш бастиекке арналған нұсқаулықтарды мұқият сақтау керек.

**Сақтандыру**

Шапқыш бастиекті қолмен қуаттау үшін моторды міндетті түрде тоқтатыңыз – керісінше жағдайда, **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

- ▶ Шапқыш бастиекті демонтаждаңыз
- ▶ Пышақты, суреттері бар нұсқаулыққа көрсетілгендей ауыстырыңыз
- ▶ Шапқыш бастиекті монтаждаңыз

Деректер қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек.		жұмысты бастамас бұрын	жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын	бакты өрбір рет толтырғаннан кейін	апта сайын	ай сайын	жылына бір рет	ақау болған кезде	бүлінген кезде	қажет болғанда
Басқару тұтқышы	Жұмысқа қабілеттілігін тексеру	X		X						
Ауа сүзгісі	Көзбен шолып тексеру					X		X		
	ауыстыру ²⁾								X	
Қолмен атқарылатын жанармай сорғысы (бар болса)	Тексеру	X								
	Мамандандырылған дилер жөндеуі керек ¹⁾								X	
Жанармай бағындағы сіңіргіш бастиек	Тексеру шарасын мамандандырылған дилерге тапсыру керек ¹⁾							X		
	Мамандандырылған дилер ауыстыруы керек ¹⁾						X		X	X
Жанармай бағы	Тазарту							X		X
Карбюратор	Бос жүріс тәртіптемесін тексерген кезде, кескіш аспап айналмауы тиіс	X		X						
	Бос жүріс күйін реттеу									X
От алдыру білтесі	Электродтар арасындағы саңылауды реттеу							X		
	Өрбір 100 мотосағат бойы атқарылған жұмыстан кейін ауыстыру									
Салқындатқыш ауаға арналған кіріс саңылаулар	Көзбен шолып тексеру		X							
	Тазарту									X
Цилиндр қырлары	мамандандырылған дилер ¹⁾ тазартады						X			
Клапан саңылауы	Қуат жетіспесе немесе шамадан тыс іске қосу күші болса, клапанның саңылауын тексеріп,							X		X

Деректер қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек.		жұмысты бастамас бұрын	жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын	бакты өрбір рет толтырғаннан кейін	апта сайын	ай сайын	жылына бір рет	ақау болған кезде	бүлінген кезде	қажет болғанда
	қажет болған жағдайда реттеу үшін дилерге жүгініңіз ¹⁾									
Жану камерасы	150 жұмыс уақыты сайын мамандандырылған дилер ¹⁾ тарапынан тазартылуы керек									X
Қолжетімді бұрандалар мен сомындар (реттегіш бұрандамалардан басқа)	Тартып бұрау									X
Дірілге қарсы элементтер	Тексеру	X						X		X
	Мамандандырылған дилер ауыстыруы керек ¹⁾								X	
Кескіш құрал-саймандар	Көзбен шолып тексеру	X		X						
	Ауыстыру								X	
	Саңылаусыз отыруын тексеру	X		X						
Металдан жасалған кескіш құрал-саймандар	Егеу	X								X
Бәсеңдеткішті майлау	Тексеру				X					
	толықтыру									X
Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ескертпесі бар жапсырма	Ауыстыру								X	
¹⁾ STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады										
²⁾ қозғалтқыштың қуаты төмендеген жағдайда ғана										

27 Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу

Осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген белгіленген өлшемдерді сақтаған жағдайда, құрылғының мерзімінен бұрын

тозуынан және бүлінуінен қорғалатын боласыз.

Құрылғыны қолдану, оған техникалық қызмет көрсету және сақтау шаралары, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған сипатта мұқият түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Қауіпсіздік техникасына, жұмысқа және техникалық қызмет көрсетуге қатысты нұсқауларды сақтамағандықтан барлық бүлінген жерлер үшін пайдаланушы өзі жауап береді. Бұл келесі жағдайларға аса көкейтесті болып келеді:

- STIHL фирмасынан рұқсат алмай бұйымдарға өзгеріс енгізу,
- Осы құрылғымен қолдануға рұқсат етілмейтін, сай келмейтін немесе сапасы төмен болып келетін құрал-саймандарды немесе керек-жарақтарды қолдануға болмайды,
- Құрылғыны мақсатына сай қолданбау,
- Құрылғы спорт іс-шараларында және сайыстырда қолданылса,
- Құрылғы ақаулы толымдаушылармен бірге қолдандықтан бүлінсе.

27.1 Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар

"Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар" бөлімінде атап өтілген барлық жұмыстар үнемі өткіліп тұруы қажет. Егер де техникалық қызмет көрсету жөніндегі аталған жұмыстар пайдаланушының тарапынан орындала алмаса, мамандандырылған дилерге жүгіну керек.

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Егер де аталған жұмыстар орындалмаса немесе тиісті түрде орындалмаса, соның салдарынан зақым пайда болса, оған пайдаланушы өзі жауап береді. Осындай бөлшектердің қатарына мыналар жатқызылады:


- Уақытында немесе жеткіліксіз қызмет көрсетілмегеннен жетек тетігі бүлінетін болса (мысалы, ауа және жанармай сүзгілері), карбюратор күйге дұрыс келтірмесе немесе ауа салқындатқыш жүйе жеткіліксіз тазартылса (сіңіргіш шлицтер, цилиндр қырлары),
- Дұрыс емес сақтаудың салдарынан тоттану және басқа да бүліну белгілері
- Сапасы төмен қосалқы бөлшектерді қолданудың салдарынан құрылғының бүлінуі

27.2 Тез тозатын бөлшектер

Мотоқұрылғының кейбір бөлшектері, тіпті мақсатына сай қолданылып жатса да, қалыпты тозу үрдісіне бейім болып келеді, сонымен қатар қолданылатын түріне және ұзақтығына байланысты уақытында ауыстырылып тұруы қажет. Осындай бөлшектердің қатарына мыналар жатқызылады:


- Кескіш аспаптар (барлық түрлері)
- Кескіш аспаптарға арналған бекіткіш бөлшектер (қозғалмалы диск, сомындар және т.б.)
- Кескіш аспапқа арналған қорғаныш айлабұйымдары
- Жалғастырғыш
- Сүзгілер (ауа, жанармай сүзгілері)
- Іске қосу құрылғысы
- От алдыру білтесі
- Дірілге қарсы элементтер

28 Маңызды толымдаушылары



- 1 Бактың тиектеу құрылғысы
- 2 Карбюратордың реттегіш бұрандасы
- 3 Іске қосатын арқан
- 4 Қолмен атқарылатын жанармай сорғысы
- 5 Қақпақ
- 6 Шуыл бәсеңдеткіш
- 7 Агрегаттың тірегі
- 8 Газ иінтірегі
- 9 Ажырату түймесі
- 10 Газ иінтірегінің төжеуіші

- 11 Екі қолмен ұстауға арналған түтік
- 12 Тұтқаның тіреніші
- 13 Қыспақ бұрандасы
- 14 Дроссельді жапқыштың басқару арқанының ұстағышы
- 15 Тірек ілмегі
- 16 Ауа қақпағының тұтқышы
- 17 Ауа сүзгісінің қақпағы
- 18 Жанармай бағы
- 19 Айналымалы тұтқыш
- 20 Қамыт (қадам шектегіш, өлге байланысты қолжетімді болады)
- 21 Білік
- # Сериялық номер



- 1 Білік
- 2 Шабатын домалақ
- 3 Қорғаныш (тек қана шабатын домалақтар үшін)
- 4 Пышақ (шабылған талшықтар үшін)
- 5 Қорғаныш (барлық шапқыш құралдар үшін)
- 6 Алжапқыш пен пышақ (шабатын домалақтар үшін)
- 7 Металдан жасалған шапқыш аспап
- 8 Дискілі ара төсемі
- 9 Тірек (тек дискілі ара төсемдері үшін)

Қорғаныш көзілдірігі



Қорғаныш көзілдірігі жеткізілім көлеміне кіреді.
Саны: 1 дана

29 Техникалық сипаттамалар

29.1 Ауыстыратын механизм

STIHL компаниясы ұсынған құрамдастырылған майлау жүйесі бар бір цилиндрлі төрт ырғақты мотор

Жұмыс көлемі:	36,3 см ³
Цилиндрдің саңылауы:	43 мм
Мікбас жүрісі:	25 мм
ISO 8893 сәйкес қуаты:	8500 1/мин ауқымында 1,4 кВт (1,9 ак)
Бос жүрістегі қозғалтқыштың айналым саны:	2800 1/мин

Реттеушімен шектелетін айналымдар (номиналды шама):	9500 1/мин
Шығыс біліктің ең көп айналу саны (кескіш аспаптың бекіткіші):	7150 1/мин
Клапан саңылауы	
Кіріс клапан:	0,10 мм
Шығыс клапан:	0,10 мм

29.2 От алдыру жүйесі

Электронды түрде басқарылатын магнето

От алдыру білтесі (кедергілерден қорғалған):	NGK CMR 6 H, STIHL ZK C 10, BOSCH USR 4AC
Электродтардың арасындағы саңылау:	0,5 мм

29.3 Жанармай жүйесі

Орналасу күйін талғамайтын, жанармай сорғысы құрылған диафрагмалық карбюратор

Жанармай бағының сыйымдылығы:	710 см ³ (0,71 л)
-------------------------------	------------------------------

29.4 Салмағы

жанармай құйылмаған, кескіш аспабы және қорғаныс жоқ

FS 131:	5,8 кг
FS 131 R:	5,5 кг

29.5 Жалпы ұзындығы

кескіш аспапсыз:	1800 мм
------------------	---------

29.6 Жабдықтау ерекшеліктері

R	Айналымалы тұтқыш
---	-------------------

29.7 Дыбыс және діріл шамасы

Жұмыс берушілерге арналған 2002/44/EG дірілдер деңгейіне қатысты директиваның талаптарын сақтауға қажетті деректерді мына сайттан қараңыз:

www.stihl.com/vib

29.7.1 Кескіш құрал-сайман

Дыбыс және діріл көрсеткіштерін анықтаған кезде, бос жүрістің жұмыс күйінің деректері және нақты ең жоғары айналым жиілігі тең дәрежеде ескеріледі.

ISO 22868 талаптарына сәйкес L_{peq} дыбыс қысымының деңгейі

Шабатын домалақпен	
Екі тұтқалы тұтқышы бар	98 дБ(A)
FS 131:	
FS 131 R:	98 дБ(A)
Металдан жасалған шапқыш аспаппен	
Екі тұтқалы тұтқышы бар	97 дБ(A)
FS 131:	
қамыты бар FS 131 R:	97 дБ(A)

ISO 22868 талаптарына сәйкес L_w дыбыс қуатының деңгейі

Шабатын домалақпен	
Екі тұтқалы тұтқышы бар	109 дБ(A)
FS 131:	
FS 131 R:	109 дБ(A)
Металдан жасалған шапқыш аспаппен	
Екі тұтқалы тұтқышы бар	109 дБ(A)
FS 131:	
қамыты бар FS 131 R:	109 дБ(A)

ISO 22867 талаптарына сәйкес $a_{hv,eq}$ діріл шамасы

Шабатын домалақпен	Сол жақ тұтқа	Оң жақ тұтқа
Екі тұтқалы тұтқышы бар FS 131:	4,9 м/с ²	4,9 м/с ²
FS 131 R:	6,2 м/с ²	6,2 м/с ²

Металдан жасалған шапқыш аспаппен	Сол жақ тұтқа	Оң жақ тұтқа
Екі тұтқалы тұтқышы бар FS 131:	3,7 м/с ²	3,4 м/с ²
қамыты бар FS 131 R:	5,1 м/с ²	5,1 м/с ²

29.8 Аспалы құралдар

Рұқсат етілген аспалы құралдардың шуыл мен діріл көрсеткіші осы аспалы құрал-сайманның қолдану нұсқаулығында келтірілген.

Дыбыс қысымының деңгейі және дыбыс қуатының деңгейі үшін К-мағынасы $RL\ 2006/42/EG = 2,0$ дБ(A) шамасына сай келеді; діріл көрсеткіші үшін К-мағынасы $RL\ 2006/42/EG = 2,0$ м/с² шамасына сай келеді.

29.9 REACH

REACH дегеніміз химикаттарды тіркеуге, бағалауға және жіберуге арналған ЕҚ қаулысы дегенді білдіреді.

REACH (ЕК) № 1907/2006 қаулысын орындауға арналған ақпарат төмендегі мекен-жай бойынша қараңыз

www.stihl.com/reach

29.10 Пайдаланылған газдар шығарындыларының мәні

ЕО сертификаттау барысында өлшенген CO₂ мәні

www.stihl.com/co2

өнімнің белгілі бір түріне техникалық деректерде көрсетілген.

CO₂ өлшенген мәні зертхана жағдайында сынаулардың стандартталған рәсіміне сәйкес типтік қозғалтқышта анықталды және нақты қозғалтқыш үшін өнімділіктің көрсетілген немесе тұспалданған кепілдігі болып табылмайды.

Тиісінше қолдану және осы қолдану нұсқаулығында сипатталған техникалық қызмет көрсету жағдайында пайдаланылған газдардың шығарындылары бойынша қолданыстағы талаптар орындалады. Қозғалтқыштағы өзгертулер пайдалануға рұқсаттың күшін жояды.

29.11 Белгіленген қолданыс кезеңі

Белгіленген қолданыс кезеңі: 30 жылға дейін.

Белгіленген қолданыс кезеңі уақытында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тұрақты техникалық қызмет және күтім көрсетіледі.

30 Жөндеу бойынша нұсқаулар


Аталған құрылғының пайдаланушылары, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған техникалық қызмет көрсету және күтім жасау жұмыстарын ғана орындай алады. Жөндеу

жұмыстарының қалған түрлерін мамандандырылған дилерлер ғана жүзеге асыра алады.

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жөндеген кезде, аталған моторланған құрылғыға арналған STIHL компаниясымен рұқсат етілген толымдаушыларды немесе техникалық тең сипаттағы толымдаушыларды монтаждауға болады. Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төне алады.


STIHL фирмасы STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді.

STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін STIHL толымдаушысының нөмірі, жазбасы **STIHL** және қажет болса STIHL  толымдаушысының белгісі (кішігірім толымдаушыларда тек қана бір белгі бола алады) бойынша анықтап тануға болады.

31 Көдеге жарату

Көдеге жарату туралы ақпаратты жергілікті әкімшіліктен немесе мамандандырылған STIHL дилерінен алуға болады.

Дұрыс емес көдеге жарату денсаулыққа зиян келтіруі және қоршаған ортаны ластауы мүмкін.



- ▶ STIHL өнімдерін қаптамасымен бірге жергілікті ережелерге сәйкес қайта өңдеу үшін тиісті жинау орнына апарыңыз.
- ▶ Тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз.

32 ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты

ANDREAS STIHL AG & Co. KG

Badstr. 115

D-71336 Waiblingen

Германия

келесіні өзінің жауапкершілігіне алады

Құрастырма: Мотошалғы

Зауыттық таңбасы: STIHL

Түрі: FS 131

FS 131 R

Сериялық нөмірі: 4180

Жұмыс көлемі: 36,3 см³

Құрылғы 2011/65/EO, 2006/42/EQ, 2014/30/EO және 2000/14/EQ директиваларының тиісті ережелерін орындау жөніндегі талаптарға сай келеді, сонымен қатар осы нұсқа өндірілген күні жарамды болған келесі нормаларға сай әзірленген және дайындалған:

EN ISO 11806-1, EN 55012, EN 61000-6-1

Өлшенген және кепілдік берілген дыбыс қуатының деңгейін белгілеу шарасы, 2000/14/EG директивасының V қосымшасына сай, ISO 10884 стандартын қолдана отырып жүзеге асырылды.

Өлшенген дыбыс қуатының деңгейі

FS 131: 109 дБ(A)

FS 131 R: 109 дБ(A)

Кепілдік берілген дыбыс қуатының деңгейі

FS 131: 111 дБ(A)

FS 131 R: 111 дБ(A)

Техникалық құжаттаманы сақтау:

ANDREAS STIHL AG & Co. KG

Produktzulassung

Шығарылған жылы және сериялық номері агрегатта көрсетілген.

Waiblingen, 01.08.2022

ANDREAS STIHL AG & Co. KG

Міндетін атқарушы



Robert Olma, Vice President, Regulatory Affairs & Global Governmental Relations

CE



Кеден одағының техникалық нормалары мен талаптарының сақталуын растайтын EAC сертификаттары және сәйкестік туралы өтініштер жөніндегі ақпарат, төменде келтірілген,

www.stihl.ru/eac

сондай-ақ STIHL компаниясының кез келген елдегі өкілдігіне қоңырау шалу арқылы қол жетімді, "Мейкен-жайлар" бөлімін қараңыз.



Украинаның техникалық нормативтері мен талаптары орындалды.

33 Мекенжайлар

33.1 STIHL штаб-пәтері

ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Badstrasse 115
71336 Waiblingen

Германия

33.2 STIHL өншілес кәсіпорындары

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ
ООО "АНДРЕАС ШТИЛЬ МАРКЕТИНГ"
наб. Обводного канала, дом 60, литера А,
помещ. 1-Н, офис 200
192007 Санкт-Петербург, Россия
Горячая линия: +7 800 4444 180
Эл. почта: info@stihl.ru

УКРАИНА

ТОВ «Андреас Штіль»
вул. Антонова 10, с. Чайки
08135 Київська обл., Україна
Телефон: +38 044 393-35-30
Факс: +380 044 393-35-70
Гаряча лінія: +38 0800 501 930
E-mail: info@stihl.ua

33.3 STIHL өкілдіктері

БЕЛАРУСЬ

Представительство
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
ул. К. Цеткин, 51-11а
220004 Минск, Беларусь

Горячая линия: +375 17 200 23 76

ҚАЗАҚСТАН

Представительство
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
ул. Шагабутдинова, 125А, оф. 2
050026 Алматы, Казахстан
Горячая линия: +7 727 225 55 17

33.4 STIHL импорттаушылары

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

ООО "ШТИЛЬ ЗЮДВЕСТ"
350000, Российская Федерация,
г. Краснодар, ул. Западный обход, д. 36/1

ООО "ФЛАГМАН"
194292, Российская Федерация,
г. Санкт-Петербург, 3-ий Верхний переулок, д.
16 литер А, помещение 38

ООО "ПРОГРЕСС"
107113, Российская Федерация,
г. Москва, ул. Маленковская, д. 32, стр. 2

ООО "АРНАУ"
236006, Российская Федерация,
г. Калининград, Московский проспект, д. 253,
офис 4

ООО "ИНКОР"
610030, Российская Федерация,
г. Киров, ул. Павла Корчагина, д. 1Б

ООО "ОПТИМА"
620030, Российская Федерация,
г. Екатеринбург, ул. Карьерная д. 2,
Помещение 1

ООО "ТЕХНОТОРГ"
660112, Российская Федерация,
г. Красноярск, ул. Парашютная, д. 15

ООО "ЛЕСОТЕХНИКА"
664540, Российская Федерация,
с. Хомутово, ул. Чапаева, д. 1, оф. 39

УКРАИНА

ТОВ «Андреас Штіль»
вул. Антонова 10, с. Чайки
08135 Київська обл., Україна

БЕЛАРУСЬ

ООО «ПИЛАКОС»
ул. Тимирязева 121/4 офис 6
220020 Минск, Беларусь

УП «Беллесэкспорт»
ул. Скрыганова 6.403
220073 Минск, Беларусь

ҚАЗАҚСТАН

ИП «ВОРОНИНА Д.И.»
пр. Райымбека 312
050005 Алматы, Казахстан

КЫРГЫЗСТАН

ОсОО «Муза»
ул. Киевская 107
720001 Бишкек, Киргизия

АРМЕНИЯ

ООО «ЮНИТУЛЗ»
ул. Г. Парпеци 22
0002 Ереван, Армения

Содержание

1	К данной инструкции по эксплуатации .	47
2	Указания по технике безопасности и технике работы	48
3	Допущенные комбинации режущего инструмента, защитного приспособления, рукоятки и подвесного ремня.....	59
4	Допущенные навесные инструменты.....	60
5	Монтаж двухручной рукоятки.....	60
6	Монтаж круговой рукоятки.....	63
7	Регулирование тросика управления дроссельной заслонкой.....	64
8	Монтаж несущей проушины.....	65
9	Монтаж защиты.....	65
10	Монтаж режущего инструмента.....	66
11	Топливо.....	69
12	Заправка топливом.....	70
13	Наложение подвесного ремня.....	71
14	Балансировка устройства.....	72
15	Пуск / остановка мотора.....	74
16	Транспортировка устройства.....	76
17	Указания по эксплуатации.....	79
18	Замена воздушного фильтра.....	79
19	Настройка карбюратора.....	79
20	Свеча зажигания.....	80
21	Работа мотора.....	81
22	Смазка передачи.....	81
23	Хранение устройства.....	81
24	Заточка металлического режущего инструмента.....	81
25	Провести техническое обслуживание косильной головки.....	82
26	Указания по техобслуживанию и техническому уходу.....	83

27	Минимизация износа, а также избежание повреждений	85
28	Важные комплектующие	86
29	Технические данные	87
30	Указания по ремонту	88
31	Устранение отходов.....	88
32	Сертификат соответствия ЕС.....	88
33	Адреса.....	89

1 К данной инструкции по эксплуатации

1.1 Условные графические обозначения

Все имеющиеся на агрегате условные обозначения разъясняются в данной инструкции по эксплуатации.

В зависимости от агрегата и его оснащения на нем могут иметься следующие условные обозначения.



Топливный бак; топливная смесь из бензина и моторного масла



Приведение в действие декомпрессионного клапана



Ручной топливный насос



Приведение в действие ручной топливной помпы



Тюбик со смазкой



Направляющая для всасываемого воздуха: эксплуатация летом



